

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Утегенов Нурберген Муратович

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУШІЛЕРДІ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

«7М041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7М04106 – Экономика» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Джакупов А.К., ДВА.

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 2024 ж.

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С., с.ғ.д.

Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	8
1-тарау Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау құралдарының теориялық негіздері	8
1.1 Отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарындағы ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдау ұғымы	8
1.2 Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау құралдарының мәні	11
1.3 Мемлекеттік қолдаудың халықаралық тәжірибелері	13
2-тарау Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығының жалпы жағдайына, қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларының тиімділігіне, процесстеріне талдау	18
2.1 Еліміздегі ауыл шаруашылығының қазіргі жай-күйі	18
2.2 Мемлекеттік қолдау құралдарының қазіргі моделі, қолжетімділігі	29
2.3 Ауыл шаруашылығын тұрақты дамытудағы мемлекеттік шаралар	35
3-тарау Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдірудің басымды бағытары	41
3.1 Мемлекеттік қолдаудың экономикалық әсері	41
3.2 Атырау облысында ауыл шаруашылығын дамыту бағыттарында жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелерін талдау	44
3.3 Мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіру бойынша ұсынымдар	50
ҚОРЫТЫНДЫ	55
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	57
ҚОСЫМШАЛАР	61

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл магистрлік жобада келесідей нормативтік құжаттармен актілерге сілтемелер қолданылды:

«Қазақстан 2050» стратегиясы.

ҚР 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы.

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсанда қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы».

ҚР 2014 жылғы 14 қазандағы "Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" № 240-V ҚРЗ Заңы. "Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы Хаттама" Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 29 қосымша.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 23 шілдедегі «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» № 317 бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 108 бұйрығы.

ҚР Үкіметінің «Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» 2021 жылғы 21 мамырдағы №337 қаулысы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АӨК	-	Агроөнеркәсіп кешені
АШ	-	Ауыл шаруашылығы
ОАГ	-	Орталық атқарушы орган
ЖАО	-	Жергілікті атқарушы орган
ЕДБ	-	Екінші деңгейдегі банктер
АНК	-	Аграрлық несие корпорациясы
ҚР	-	Қазақстан Республикасы
ЖІӨ	-	Жалпы ішкі өнім
ЕАЭО	-	Еуразиялық экономикалық одақ
ДСҰ	-	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ҚР АШМ	-	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
АШТӨ	-	Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері
ЕО	-	Еуропалық одақ
ЖК	-	Жеке кәсіпкер
АҚ	-	Акционерлік қоғам
млн	-	Миллион
млрд	-	Миллиард
АҚШ	-	Америка Құрама Штаттары
НМА		Литва ауыл шаруашылығы Министрлігі жанындағы ұлттық төлем агенттігі (Nacionaline mokejimo agentura)
НС	-	Несие серіктестіктері
МІҚ	-	Мүйізді ірі қара
ЖАӨ	-	Жалпы аймақтық өнім
САР	-	ЕО ауыл шаруашылығы саясаты

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ауыл шаруашылығы экономиканың негізгі салаларының бірі ретінде, елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық тұрақтылығы үшін зор маңызға ие. Осы орайда, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуда шешуші рөл атқарады.

Аталған мәселе әрқашан Мемлекет басшысының назарында және жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында атап өтеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Тоқаев ҚР Парламенті мәжілісінің VIII шақырылымының алғашқы отырысында ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларға сапалы заңдар қажеттігін айтты. Ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай жасау мемлекет міндеттерінің бірі. Агроөнеркәсіп кешенінің азық-түлік қауіпсіздігінің сақталуында үлкен орны бар [1].

Агроөнеркәсіп өндірісі экономиканың өзге салаларымен алыстырғанда тиімділігі төмен, сондықтан салынған капиталдың кірісі аз және оның қайтарымы біраз уақытқа созылады. Сондықтан, ауыл шаруашылығы саласы мемлекеттік қолдаусыз салааралық бәсекеге жоғары деңгейде қатыса алмайды [2]. Бұл саланың шекті мерзімде дамуына тек қана мемлекеттік қолдау бағдарламалары ғана өз нәтижесін беріп келеді. Дегенмен осы қолдау құралдарын әлі де болса жетілдіру тұстары жетерлік.

Ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау – Қазақстан үкіметінің басымдықтарының бірі. Соңғы бес жыл ішінде үкімет 2,0 трлн. теңге бөліп отырғанына қарамастан, бұл инвестициялар күткен нәтижелерді бермей отыр [3]. Ауыл шаруашылығы жалпы шығарылымының ұлттық экономикадағы үлесі төмен деңгейде қалып отыр, бұл бөлінген бюджеттік қаражаттардың тиімсіз пайдаланылуын көрсетеді.

Қазақстанның кең байтақ жерлерінің көп бөлігінде қолайсыз климаттық жағдайлар болғандықтан, ауыл шаруашылығы өндірісінің кең ауқымды дамытуына шектеулер қойылған. Құрғақшылық, су ресурстарының шектеулігі және топырақтың құнарсыздануы сияқты факторлар өнімділікті шектейді және ауыл шаруашылығының дамуына кедергі келтіреді. Агроиндустриялық кешенді дамыту мен интеграциялау деңгейі әлі де төмен. Өндіріс, өңдеу және маркетингтік желілердің толық құрылмауы ауыл шаруашылығы өнімдерінің қосылған құнды арттыру мүмкіндіктерін шектейді.

Магистрлік жоба барысында 200 адам қатысқан ауыл тұрғындары, фермерлер, ауыл шаруашылығы қызметкерлері арасында жүргізілген анонимді сауалнама барысында ауыл шаруашылығы мемлекеттік қолдау шараларына қанағаттанбайтындықтарын, өңдеу өнеркәсібіне ден қою керектігін, өңірлердің климаттық ерекшелігіне байланысты мемлекеттік қолдаулардың әр түрлі болуы және т.б. с.с пікірлерді байқауға болады. Негізінен шикізат емес, тауар өндіруге ауысу керектігін алға тартқандар да болды. Өңірде индустриялық аймақ құру (агроаймақ) маңыздылығының жоғары екендігін байқаймыз.

Еліміздің әр облысының географиялық, климаттық және топырақтық ерекшеліктері ауыл шаруашылығын дамытуға әр түрлі мүмкіндіктер мен шектеулер туғызады. Осыған байланысты, әр өңірдің ерекшеліктеріне қарай мемлекеттік қолдау шараларын бейімдеу өте маңызды. Бұл тұрғыда Атырау облысы сияқты климаттық жағынан қолайсыз өңірлерге арналған жекелеген бағдарламаларды қарастырса артық етпейді.

Жүргізілген зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақстандағы және Атырау облысындағы ауыл шаруашылығы дамуын, мемлекеттік қолдаудың қазіргі жай-күйін талдау, мемлекеттік қолдаудың тиімді әдістемесін айқындау арқылы жетілдіруге бағытталған ұсыныстар тізбегін әзірлеу жобаның мақсаты болып табылады.

Жобаны зерттеу барысында қойылған негізгі мақсатқа байланысты келесідей **міндеттерді** шешу көзделді:

- ҚР ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайы туралы талдау жүргізу;
- ҚР Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдауды жетілдірудің тиімділігін анықтау;
- ҚР ауыл шаруашылығын дамытуға және өңірлердің ерекшеліктеріне байланысты ұсыныс әзірлеу.

Зерттеу объектісі. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге көрсетілетін мемлекеттік қолдаулар.

Зерттеу пәні. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың экономикалық тиімділігі.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі. Магистрлік жобаны зерттеу барысында АӨК саласындағы заңнамалық актілерге контент-талдау, статистикалық деректерді өңдеу, мемлекеттік қолдау құралдарының тиімділігін анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік сауалнама және SWOT талдау.

Зерттеудің ақпараттық базасы. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің мемлекеттік қолдау бағытындағы есептілік мәліметі және сол бағытта қабылданған нормативтік-құқықтық актілер (ҚР АШМ), Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО), ДСҰ және ЕАЭО-ны мемлекеттік қолдау жөніндегі деректер, ғылыми-зерттеу институттары мен ұйымдарының ауыл шаруашылығын дамыту көрсеткіштері, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер (АШТӨ) арасында әлеуметтік сауалнаманы бағалау нәтижелері.

Қорғауға шығарылатын негізгі ғылыми ережелер.

Қазақстанның АӨК тұрақты дамуына қол жеткізу үшін мемлекеттік реттеу мен нарықтық өзін-өзі реттейтін процестерді біріктіретін тиімді экономикалық тетікті енгізу қажет.

Тұрақтылықтың, жүйеліліктің, қолжетімділіктің және есептіліктің болмауы сияқты мемлекеттік қолдау құралдарындағы ағымдағы проблемалары ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Мемлекеттік қолдау құралдарының өңірлердің климаттық ерекшелігін ескере отырып нақты шаралар қабылдануын жолға қою керек. Елдің АӨК ЖІӨ-дегі үлесіне байланысты да қолдау тетіктерін енгізуді назарға алу индикаторларға қол жеткізуге жол ашады.

Ұсынылған іс-шараларды іске асыру мемлекеттік қолдау құралдарының тиімділігін арттыруға, ауыл шаруашылығы өнім көлемімен оң байланысы бар мемлекеттік қолдаудың тиімді тетіктерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Теориялық және практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижесінде дайындалған ұсынымдар ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау құралдарының қолжетімді болуына өз септігін тигізеді.

Қорытынды мен ұсынымды ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саясатын жүзеге асыратын мүдделі мемлекеттік органдар қолдана алады.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу (апробациялау) және енгізу. Зерттеу тақырыбы бойынша жинақталған ақпараттарды пайдалана отырып, «Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялауда жетілдіруге қажетті тұстары туралы» тақырыбы бойынша мақала Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының 2023 жылғы 27-28 сәуірдегі ұйымдастыруымен өткен «АШЫҚ ҮКІМЕТ ЖӘНЕ ЖАҢА БАСҚАРУ МӘДЕНИЕТІ: ЕСТУ, ТҮСІНУ, ӘРЕКЕТ ЕТУ атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында, сонымен қатар «Совершенствование государственной поддержки, направленной на развитие сельского хозяйства РК» атты екінші мақала «SCIENCE IN THE ENVIRONMENT OF RAPID CHANGES» IV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциянда Inter Conf журналына жарияланды.

Магистрлік жобаның (зерттеудің) құрылымы мен көлемі. Магистрлік жоба кіріспеден, үш тараудан, тоғыз тармақтан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен, қосымшалардан құралған 69 парақтан тұрады. Сондай-ақ, 21 сурет, 11 кесте және зерттеу кезінде қолданған материалдары бар.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау құралдарын теориялық негіздеуден және жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

1 Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау құралдарының теориялық негіздері

1.1 Отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарындағы ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдау ұғымы

Әлемдік экономикадағы мемлекеттердің даму деңгейі мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері бойынша көптен көңіл бөлініп келе жатқан әлемдік рейтингінде Қазақстанның стратегиялық мақсаты – 2050 жылға дейін ең озық дамыған мемлекеттердің қатарынан көріну. Осы мақсатта еліміздің ауыл шаруашылығының орны мен дамуына мемлекет тарапынан көп көңіл бөлуі маңызды рөл атқарады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (FAO) зерттеулері көрсеткендей, мемлекеттік қолдаудың төмендеуі ауылшаруашылық өндірісінің төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл өз кезегінде қоректік заттарға қол жетімділікті нашарлатады және диеталық аурулардан болатын өлім қаупін арттырады. Бұл жағдайда өндірісті ынталандыру және халыққа қоректік өнімдер беру қажеттілігі мен ауыл шаруашылығындағы өмір сүру деңгейі мен жұмыспен қамту қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Ол үшін климаттың өзгеруі жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және осалдығын азайту жөніндегі шараларды қолдап, кедейлікті азайту және әлеуметтік даму стратегияларын аграрлық саясатқа біріктіру қажет [4].

Бұл қазіргі жаһандық сын-кәтерлерді ескере отырып, өте маңызды бақылау. Кейбір аймақтардағы халықтың қартаюуы және урбанизация сияқты демографиялық тенденциялар ауыл шаруашылығындағы еңбек ресурстарына және азық-түлікке деген сұранысқа әсер етуі мүмкін. Екінші жағынан, дамушы елдердегі халық санының көбеюі азық-түлікке деген жалпы сұраныстың артуына әкелуі мүмкін [5].

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция Министрлігі жанындағы «QazTrade» сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ агроөнеркәсіптік кешен және көлік департаментінің директоры Заурбекова Торғын Сапарғалиқызының «Основные тенденции развития мер государственной поддержки сельского хозяйства в Казахстане в условиях членства в ЕАЭС и ВТО» мақаласында атап өткендей, ЕО, АҚШ, Канада және Австралия сияқты дамыған елдер ДСҰ келіссөздерінің Уругвайда қабылданған міндеттемелерге сәйкес кейбір тауарларға экспорттық субсидияларды пайдалануға рұқсат етіледі. Бұл елдер осындай субсидияларға қатысты белгілі бір шектеулер мен шарттарға өзара келіскен [6].

Конырбеков Медет Жаугаштиевич «Совершенствование государственного управления АПК (на материалах животноводческой отрасли Костанайской области)» атты диссертациясында Қазақстанның аграрлық секторының экономикалық реформалар нәтижесінде дамуға қажетті үлкен әлеует жинақтағаны туралы айтып өтеді. Негізгі басымдықтар Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экспорттық әлеуеті жоғары ауыл шаруашылығы

салаларын дамыту, агроөнеркәсіп секторын кеңейту мен инновацияға инвестициялар тарту сияқты мәселелерді қамтиды. Айта кетерлігі, Қазақстан аграрлық секторын дамыту үшін мемлекеттік қолдау мен реттеудің маңыздылығы атап өтіледі. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономиканың дамуы бірден болмай, көптеген жылдар бойы жүргізілген саясаттардың нәтижесінде қалыптасады. Осыған байланысты, Қазақстан да өз аграрлық секторын дамыту жолында бірқатар стратегиялық шешімдер қабылдауы тиіс [7].

Қазіргі уақытта елімізде ауыл шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік қолдау құралдарының негіздемесі ҚР 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсанда бекітілген қаулысымен «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасымен» (одан әрі – Тұжырымдама) жүзеге асырылады [8,9].

Джон Мейnard Кейнс "Жұмыспен қамту, пайыз және ақшаның жалпы теориясы" (the General Theory of Employment, Interest, and Money) атты еңбегінде экономиканы тұрақтандыру үшін Үкіметтің араласу қажеттілігі туралы өз идеяларын дамытады. Кейнсиандық экономиканың негізгі қағидасы-экономиканы тұрақтандыру үшін Үкіметтің араласу қажеттілігі. Кейнстің негізгі тұжырымы экономикалық құлдырау жағдайында нарықтар әрдайым өзін-өзі қалпына келтіре бермейді және ұзақ уақыт бойы төмен белсенділікте тұрып қалуы мүмкін. Сондықтан ол экономиканы дағдарыстан шығаруға және одан әрі тұрақтандыруға ықпал ететін жиынтық сұранысты ынталандыру үшін Үкіметтің араласуы, атап айтқанда мемлекеттік шығыстарды ұлғайту қажет деп есептеді [10].

Мемлекеттік қолдау құралдарымен қаржыландыру деңгейлерінің толық сипаттамасын көрсете отырып, заңнамалық, қаржылық және ұйымдастырушылық өзгерістер қажеттігін отандық ғалымдар С.Б.Касимова, К.С.Мустафева, Б.К.Исаева мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану жолдарын арттыруға бағытталған жұмысында атап өткен. Экономикалық және әлеуметтік әсерлерге ие болатынын бағалау арқылы нақты деректермен қамтамасыз ету мүмкіндігі туады [11].

Вера Андреевна Мальцева «Эволюция государственной поддержки сельского хозяйства: зарубежный опыт, рекомендации для России» атты өзінің диссертациясында белсенді және мақсатты мемлекеттік қолдауы бар елдер аграрлық секторда жоғары өнімділік пен тұрақтылыққа қол жеткізетіндігін атап өткен. Бұл қолдаулар қаржылық ынталандыру, салықтық жеңілдіктер, инфрақұрылымдық инвестициялар және білім беруді қамтиды. Субсидиялар мен гранттар сияқты тікелей қолдау секторды дереу нығайтуға мүмкіндік береді, ал салықтық жеңілдіктер мен оқыту сияқты жанама шаралар ұзақ мерзімді дамуға ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибе негізінде ресурстарға қолжетімділікті жақсартуды, инфрақұрылымды дамытуды және аграрлық сектордағы ғылыми зерттеулер мен

әзірлемелерге инвестицияларды ұлғайтуды қамтуы мүмкін ресейлік жағдайларға бейімделген шараларды әзірлеу ұсынылады [12].

Михаил Прокофьев пен Алексей Сибиряевтің мақаласында Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдаудың әлемдік тәжірибесін талдауда АҚШ және Еуропалық Одақ (ЕО) елдері сияқты елдердегі табысты қолдау стратегиялары олардың аграрлық сектордағы көшбасшылығына ықпал ететіні атап өтілген. ЕО-да қолдаудың негізгі құралы – баға саясаты және экспорттық ынталандыру арқылы нарықты шетелдік тауарлардан қорғау, ал АҚШ-та тікелей мақсатты төлемдерге баса назар аударылады.

Авторлар ЕО-ның бірыңғай ауылшаруашылық саясаты шеңберінде Ауыл шаруашылығын дамытудың үш негізгі бағытын анықтайды: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Мысалы, өндірушілердің кооперациясы, ақпараттық технологияларды өндіріске біріктіру және ауылдық жерлерде өмір сүруге қолайлы жағдайлар жасау жатады [13].

Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешенді дамыту үшін ұзақ мерзімді инфрақұрылымдық жоспардың жоқтығын, сондай-ақ, Ресей, Еуропалық Одақ, Шығыс Еуропа және Азия мемлекеттерінің аграрлық секторларындағы табысты тәжірибелерін отандық ғалымдар М.А.Баяндин, О.Ю.Патласов, А.Б.Бекмуразевалар да өз еңбектерінде талқылап өтеді. Авторлар азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінде шетелдік озық мемлекеттерінің фермерлерінің тәжірибелер қамтиды, оның ішінде Жапония мен Оңтүстік Кореяның аграрлық секторларын дамыту тәсілдері де бар. Бұл тәжірибелердің басты мақсаты — агроөнеркәсіптік өндірісті дамыту арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауылдық аймақтардағы экономикалық өсуді ынталандыру болып табылады. Негізінен ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлікті ынталандыру үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және мамандардың біліктілігін арттыру, кәсіпкерлік қызметті басқаруды трансформациялау ұсынылған [14].

Йозеф Шумпетердің "Экономикалық даму теориясы" атты еңбегінде кәсіпкерлерді инновация жасаушы және экономикалық өсімнің бастаушы ретінде суреттейді, бұл кәсіпкерлік бастамаларды мемлекеттік қолдау қажеттігін білдіреді. Ол кәсіпкерлердің инновациялық қабілеттерін дамыту үшін тиімді жағдай жасауды, соның ішінде заңнамалық және экономикалық шаралар арқылы қолдауды ұсынады. Мысалы, кәсіпкерлік идеяларды жүзеге асыруда, оның ішінде жаңа өнімдер шығару арқылы нарықтағы тұтынушыларға жаңашылдық ұсынуда, жаңа өндірістік әдістер мен технологияларды енгізуде жеңілдіктер мен субсидиялар беру, инновациялық жобаларға инвестиция тарту және кәсіпкерлік білім беруді жетілдіру [15].

Сондай-ақ, магистрлік жобаны жазу барысында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми мәліметтері, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы ақпараттары негізге алынды [16, 17].

1.2 Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау құралдарының мәні

Жалпы, ауыл шаруашылығын дамытуда әр өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік қолдау шараларын жетілдірудің маңызы зор. Әсіресе, климаттық жағдайы ауыл шаруашылығы үшін қолайсыз өңірлерде тиімді шешімдерді қабылдау өндіріс көлемін арттыруға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Климаттық өзгерістер мен ауа-райының құбылмалылығы ауыл шаруашылығына әсер ететіні белгілі. Ауыл шаруашылығы саласындағы саясат және заңнамалардың тұрақтылығы мен айқындылығы маңызды. Заңнамалық өзгерістер, субсидиялау механизмдерінің нақтылығы және аграрлық секторға арналған мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етеді.

Мемлекет басшысының 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында елімізді азық-түлік қауіпсіздігімен қамтамасыз етуге ерекше назар аудара отырып, Үкіметке отандық ауыл шаруашылығының өнімдері көлемінің артуы бойынша және осы саланы субсидиялаудың ұзақ мерзімді жаңа тәсілдерін дайындауды тапсырды [18].

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы ауыл шаруашылығын және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік қолдаудың негізгі қағидаларын айқындайды. Бұл заңның негізгі мақсаттарының бірі - агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамыту үшін қолайлы шарттар жасау [19].

Беркли Хиллдің "Жалпы ауылшаруашылық саясатын түсіну" кітабында ауыл шаруашылығы мен қоршаған ортаға экономикалық және әкімшілік әсер ету контекстінде мемлекеттік қолдаудың маңыздылығын да қарастырады. Бұл кітапта Еуропалық Одақтың жалпы ауылшаруашылық саясатының (САР) әртүрлі аспектілері мен құралдары қарастырылғанын білдіреді, оған осы саладағы мемлекеттік қолдау тетіктері де кіреді.

САР құралдары мен тетіктерін, соның ішінде тікелей төлемдер мен нарықтық қолдау шараларын егжей-тегжейлі қарастырады. Құрылымдық және инвестициялық тәсілдерінің бөлігі болып табылатын экологиялық талаптар мен ауылдық жерлерді дамыту сияқты аспектілерге ерекше назар аударылады. Бұл құралдар фермерлердің кірістерін қолдауға және ресурстарды тұрақты басқаруға бағытталған [20].

ЭЫДҰ мәліметтері бойынша, Еуропалық Одақтағы өндірушілерді қолдау деңгейі 2010 жылдан бері ауыл шаруашылығынан түскен жалпы кірістің шамамен 19% - ға тұрақтандырды. Қолдаудың көп бөлігі бюджеттік төлемдер арқылы, негізінен тікелей төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

1990-шы және 2000-шы жылдардың басында қолдаудың төмендеуінен кейін Еуропалық Одақтағы өндірушілердің қолдауы тұрақтанды. 2018-2020 жылдары өндірушілерді қолдаудың негізгі бөлігі бюджеттік төлемдер арқылы жүзеге асырылды, ал өндірушілерге төленетін төлемдердің көп бөлігі экологиялық талаптардың орындалуына байланысты болды. Сектордың жалпы қызметтеріне шығындар, әсіресе ауылшаруашылық білімі мен

инновацияларында өсті, бұл 2018-2020 жылдардағы GSSE жалпы шығындарының 54% құрады [21].

Тәуелсіздік алған сәттен бастап, біздің еліміздің ауыл шаруашылығы сала ретінде дамуға зор мүмкіндіктері болса да, көп уақыт бойы бұл сектор қажетті назардан тыс қалды. Бұл сала, өзге салалардан кем емес, тіпті олардан бұрын дамыса, үлкен жетістіктерге жету мүмкіндіктері болатын. Қазіргі уақытта, әлемдік күрделі өзгерістер орын алып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы күрделене түскенде, ауыл шаруашылығының қайта назар аударуға тұрарлық маңызы арта түсті. Менің магистрлік жобамның тақырыбының өзектілігі де осы аспектілерді негізге ала отырып, ауыл шаруашылығының экономикадағы рөлін және оның бәсекеге қабілеттілігін, тартымдылығын тереңірек зерделеу қажеттілігінен туындайды.

Қазақстан Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО), Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүше ретінде ауыл шаруашылығын дамытудың маңыздылығын технологиялық жаңғыртуға қолданыстағы мемлекеттік қолдау құралдарын сапалық және сандық талдау жүргізе отырып өз мүмкіндігін алдын ала айқындап отыру қажет.

Қазақстан экономикасы мұнай, газ, кен өндіру және өңдеу сияқты басқа секторларға басымдық береді. Бұл салалар ЖІӨ-нің үлкен бөлігін құрайды және экспортқа бағдарланған. Сондықтан, ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі үлесі салыстырмалы түрде төмен. Қазақстанның ауыл шаруашылығы секторы кейбір өндірістік тиімсіздіктерге тап болады, олар шектеулі инфрақұрылым, ескірген технологиялар және агротехника, жер қатынастарының мәселелері және кәсіпкерлік қабілеттердің төмендігін қамтиды. Ішкі нарықтағы тұтынушылық сұраныс пен бағаның ауытқуы, сондай-ақ халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілік мәселелері де ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен экспортына әсер етеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге әртүрлі субсидиялар мен гранттар берілуі өндірістік қабілеттерін арттыруға және тұрақтылықты қамтамасыз етуге, әртүрлі субсидиялар мен гранттар берілуі өндірістік қабілеттерін арттыруға және тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеседі.

Ауылдық аймақтарда инфрақұрылымды дамытуға, соның ішінде жолдарды, сумен жабдықтау жүйелерін және басқа да маңызды құрылымдық элементтерді қолдауға басымдық беріледі.

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – экспортты ұлғайту, еңбек өнімділігін арттыру, өңдеу саласын дамыту және сол бағытта мемлекеттік қолдаудың рөлі.

Бұл аграрлық секторды жаңғыртуға және оның халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған стратегиялық құжат. Бұл тұжырымдама агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуды, тұрақты дамуды және сектордың халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттыруды көздейді.

1.3 Мемлекеттік қолдаудың халықаралық тәжірибелері

Қазіргі экономикалық жағдайда шет елдерде аграрлық секторды мемлекеттік қолдау экономикалық және қаржылық саясатта шешуші рөл атқарады. Бұл бюджеттік инъекциялардан бастап әкімшілік реттеулерге дейін аграрлық секторға әсер етудің әртүрлі әдістерін қамтиды. Кейбір елдер либералды тәсілдерді қалайды, ал басқалары протекционизмге сүйенеді. Тиімді реттеу ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Бұл ауыл шаруашылығының жалпы жағдайын жақсарту үшін маңызды.

Австралия инновациялар мен технологияларға мемлекеттік инвестициялар арқылы ауыл шаруашылығын белсенді түрде дамытып, 2021-2030 жылдары аграрлық секторды жетілдіруге 100 миллиард АҚШ долларын бағыттады. ҒЗТҚЖ-ға, халықаралық және салааралық ынтымақтастықты кеңейтуге басты назар аударылады. Қолдау сонымен қатар фермерлердің өмір сүру жағдайларын жақсартуға, заманауи агротехнологияларды енгізуге және ауылшаруашылық кәсіпорындарының тұрақтылығы мен бейімделуі үшін жаңа білімді пайдалануға бағытталған.

Қолдаудың маңызды аспектісі жас мамандар мен иммигранттарды ауылдық жерлерге тарту үшін жағдай жасау болып табылады, бұл урбанизация мен халықтың қалаларға кетуін өтеуге көмектеседі. Осындай бастамалармен Австралия Ауыл шаруашылығын дамытуға ғана емес, оның тұрақтылығы мен инновациялық өсуін қамтамасыз етуге тырысады [22].

Австралияның жылдық бюджеті 2,8 миллиард АҚШ долларын құрайтын **«Ауылшаруашылығы инновацияларының ұлттық бағдарламасы»** аграрлық сектордағы инновацияларды дамытуға бағытталған. Бағдарлама саланы өзгертуге, климаттың өзгеруіне төзімділікті арттыруға және ықтимал құрғақшылыққа бейімделуге бағытталған ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге бағытталған. Бағдарлама шеңберінде салааралық жобалармен және жеке сектордан инвестициялар тарту бойынша жұмыс істейтін **15 ғылыми-зерттеу** орталықтарының ынтымақтастығы жүзеге асырылады.

«Австралияның цифрлық ауыл шаруашылығы және агротехникасы» бағдарламасы жоғары технологиялық аграрлық секторды дамытуды ынталандыруға бағытталған. Бұл бағдарламаға жыл сайын шамамен 800 млн доллар инвестиция салынады, оның 300 млн Үкіметтен, ал 500 миллионы салалық алымдардан келеді. Бұл қаражат австралиялық ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын жақсартуға ықпал ететін ең жаңа агротехнологияларды әзірлеуге және енгізуге бағытталған.

Австралиядағы **«Малшылар мен фермерлерді қолдау»** бағдарламасы фермерлік шаруашылықтар мен агротуризмді дамытуға 70 миллион АҚШ долларын бөледі. Фермерлер өз кәсіпорындарын дамыту үшін 300 мың долларға дейін субсидия ала алады. Сондай-ақ, бағдарлама жеке даму және басқару бағдарламаларын әзірлеу үшін оқу және біліктілікті арттыру үшін 5500 долларға дейін гранттар беруді, сондай-ақ қаржылық кеңесшілердің қызметтеріне ақы төлеуді көздейді.

Шетелдік тәжірибені Қазақстанның, әсіресе Атырау облысының жағдайына қолдана отырып, қаржы ресурстарын бөлу процесін орталықсыздандыруға баса назар аударуға болады. Жергілікті билік органдарына бюрократиялық араласуды азайта отырып, ауыл шаруашылығы мен ғылыми зерттеулерге қандай инвестициялар өз аймақтары үшін ең тиімді болатынын өз бетінше шешуге мүмкіндік беру маңызды.

АҚШ пен ЕО мақсатты аграрлық саясат пен тиімді қаржылық қолдаудың арқасында ауыл шаруашылығы саласындағы көшбасшылар болып табылады. ЕО тікелей субсидияларды, ең төменгі бағаларды белгілеуді, сондай-ақ кедендік реттеу және импортты квоталау сияқты жанама шараларды қолданады. Қолдау құралдарына бағаны реттеу, мақсатты субсидиялар, жеңілдетілген несиелеу және өтемақы төлемдері кіреді. Шағын өндірушілерге қол жетімді жағдай жасайтын жерді несиелеу өте маңызды [23].

Мемлекеттік қаржылық қолдау құралдары ретінде:

- ауыл шаруашылығы өнімдері нарығын бағалық реттеу;
- нысаналы субсидиялау;
- жеңілдетілген несиелеу;
- өтемақы төлемдері;
- егіс алқаптарының мөлшеріне байланысты төлемдер [23].

Германияда жеңілдетілген несиелеу көбінесе ауыл шаруашылығына мамандандырылған технологияларды енгізуге бағытталған, бұл әсіресе кооперация арқылы шағын фермерлер арасында белсенді қолдау көрсетеді. Мемлекет қаржылық көмек пен салықтық жеңілдіктер беру, сондай-ақ аграрлық салада кооперативтік қозғалысты тарату үшін жанама шараларды қолдану арқылы кооперацияларды дамытуды ынталандырады [23].

Германиядағы Ауылшаруашылық орталық Банкі ауыл шаруашылығы өндірушілері мен тамақ өнеркәсібіне жеңілдікпен несие береді. Кооперативтер туралы заңнаманың арқасында банк салық жеңілдіктерін пайдаланады. Несие бойынша пайыздық мөлшерлеме несиелік келісім-шарт кезінде өзгеруі мүмкін, бұл қаржыландыру шарттарын аграрлық сектор үшін икемді етеді [24].

Австрияда саланы қолдауға арналған аграрлық инвестициялық несиелер мен арнайы ауылшаруашылық несиелері кең таралған. Францияда топырақтың құнарлылығын техникалық жаңғырту және арттыру үшін жеңілдікті несиелеу белсенді қолданылады. Ұлыбританияда, көптеген басқа елдерден айырмашылығы, мамандандырылған ауылшаруашылық Банкі жоқ, сондықтан мемлекеттік жеңілдіктер мен субсидиялар алу коммерциялық банктер арқылы жүзеге асырылады.

Аталған елдердің әрқайсысы өздерінің ұлттық ерекшеліктері мен Аграрлық басымдықтарын көрсететін ауыл шаруашылығы секторын қаржылық қолдаудың бірегей тәсілдерін қолданады. Мысалы, Австрия мен Францияда аграрлық несиелеуді дамыту инновацияларды ынталандыруға және өндірістік базаны жақсартуға бағытталған, ал Ұлыбританияда бұл процесс мамандандырылған аграрлық банктер құрмай-ақ қарапайым коммерциялық банктер арқылы өтеді. Тәсілдердегі бұл айырмашылықтар Ауыл шаруашылығын

қолдауды оңтайландыруға ұмтылатын басқа елдер үшін пайдалы тәжірибе бола алады.

Еуропалық Одақ елдерінде ауыл шаруашылығы өндірушілеріне берілетін субсидиялардың мөлшері өндірілген тауар өнімі құнының 45-50% - на жетуі мүмкін. Бұл фермерлерге нарықта бәсекеге қабілетті болуға, тәуекелдерді азайтуға және аграрлық сектордың тұрақты дамуына ықпал ететін айтарлықтай қаржылық қолдау [24].

Австрия мен Швеция сияқты кейбір ЕО елдерінде ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне айтарлықтай **салық жеңілдіктері** беріледі, соның ішінде ауылшаруашылық жерлеріне салынатын **жер салығын алып тастау**. Сондай-ақ, табыс салығын есептеу кезінде және инвестициялардың өсуіне жеңілдіктер қарастырылған. Еуропалық ауылшаруашылық саясаты (БЖТ) шеңберінде экологиялық ережелерді сақтамайтындар үшін айыппұлдар да қолданылады. ЕО - дағы мемлекеттік қолдау көбінесе коммерциялық құрылымдарды, соның ішінде банктер мен сақтандыру компанияларын біріктіреді, бұл фермерлер үшін қаржы құралдарына қол жетімділікті кеңейтеді [23].

АҚШ-та индустрияландырудың жоғары қарқыны ауыл шаруашылығына айтарлықтай әсер етіп, жоғары техникалық жабдықталуға және инновацияларды жылдам енгізуге әкелді. Мемлекет тікелей қаржыландыру, жеңілдетілген несиелеу, бағаны реттеу және экспортты субсидиялау арқылы саланы белсенді қолдайды. АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігімен мемлекеттік қаржылық қолдаудың негізгі мақсаттары көрсетілген стратегиялық жоспарын бекітіледі. Олар:

- ішкі және сыртқы нарықтарда ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
 - ауыл шаруашылығының рентабельділігін арттыру;
 - өмір әл-ауқатының деңгейін арттыру
- ауылдық жерлердегі азаматтар;
- ұлттық табиғи ресурстарды және қоршаған орта қорғау.

ЭЫДҰ және басқа да халықаралық ұйымдар жүргізген соңғы бағалауларға сәйкес, Израиль ауыл шаруашылығы секторындағы климаттық өзгерістерді модернизациялауға және азайтуға күш салуда. Мысалы, Израиль үкіметі жаңа агротехнологияларды зерттеуге және дамытуға және ресурстарды, соның ішінде су мен энергияны тұрақты пайдалануға белсенді инвестиция салуда, бұл агросектордың климатқа әсерін азайтуға ықпал етуі керек.

Климатқа әсерді одан әрі азайту үшін Израиль суды басқаруды жақсартуға бағытталған бағдарламаларды, соның ішінде қайта өңделген суды және суару үшін десалинизацияланған суды пайдалануды жалғастыруда. Бұл климаттың өзгеруіне бейімделуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар шектеулі болып бара жатқан табиғи су көздеріне тәуелділікті азайтады [25].

Израильдегі 2019-2021 жылдардағы Ауыл шаруашылығын қолдау туралы жазбалар сектордың алдында тұрған маңызды тенденциялар мен қиындықтарды көрсетеді. COVID-19 пандемиясының бастапқы кезеңінде нарықтық реформалар мен сауда шектеулерін уақытша жеңілдетуге тырысқанына қарамастан, ауыл

шаруашылығына қаржылық қолдау өсе берді. Ауыл шаруашылығын қолдаудың жалпы көлемі (Total Support Estimate, TSE) 2019-2021 жылдары ЖІӨ-нің 0,4% құрады.

Литва Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Ұлттық төлем агенттігінің тәжірибесі ауыл шаруашылығы саласындағы субсидияларды жоспарлау, тағайындау және бақылаудағы маңызды рөл атқарады. Олардың жұмысы көптеген ауыл шаруашылығы субъектілеріне қаржылық қолдау көрсетуге, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған [26].

Литва мемлекетінің мемлекеттік қолдаудағы ерекшелігі Ауыл шаруашылығына қарасты арнайы төлем жүргізетін Агенттік қарқынды жұмыс жасайды. Литвада ауыл шаруашылығына мемлекеттік қолдау беру жүйесі өте жүйелі ұйымдастырылған. Арнайы агенттік қаржыландыру процестерін, сондай-ақ мониторинг және бақылау жұмыстарын атқарады, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелді азайтады және секторды дамытуда тиімді. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін де қолданылуы мүмкін болғандықтан, мұндай жүйенің Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласына оң әсерін тигізуі ықтимал.

Литвада ауыл шаруашылығына қолдау көрсету жүйесі Еуропалық Одақтың регламенттеріне сәйкес жүргізіледі. 2013 жылы Еуропалық Комиссия жаңа заңды қабылданып ауыл шаруашылығы секторындағы көмекке қатысты ережелерді белгілейді.

Литва Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Ұлттық төлем агенттігі осы салаға қатысты қаржыландырылатын барлық субсидияларды жүзеге асырады. Аталған Агенттікте 755 адам жұмыс жасайды, олардың жартысы өңірлердегі 10 аумақтық бөлімшелерде қызмет атқарады. 140 мыңнан астам фермерлер, шаруашылықтарға 950 млн Еуро субсидия төленген. Агенттікпен 210 қызмет түріне субсидия төленеді.

Литвада аймақтық төлемдер Еуропалық Одақтың ортақ ауыл шаруашылығы саясатының аясында жүргізіледі. ЕО мүшелері, соның ішінде Литва, ЕО-дан алынатын қаржылық ресурстарды пайдаланып, әртүрлі аймақтық және секторлық бағдарламалар арқылы ауыл шаруашылығы секторын қолдайды.

Климаттық жағдайларға байланысты қолдау: Егер белгілі бір аймақта климаттық жағдайлар шаруашылық жүргізуге қолайсыз болса (мысалы, ұзақ мерзімді құрғақшылық немесе су басу жиі болатын аймақтар), фермерлерге арнайы қолдау көрсетілуі мүмкін.

Экономикалық қолдау: Егер белгілі бір аймақта экономикалық жағдайлар қиын болса (мысалы, жұмыссыздық деңгейі жоғары немесе кіріс деңгейі төмен аймақтар), фермерлерге экономикалық қолдау ұсынылады.

Литвада ауыл шаруашылығына арналған көмек жүйесінің орталықсыздандырылуы Еуропалық Одақтың ережелеріне сәйкес жүргізіліп, аймақтық төлемдер сияқты механизмдер арқылы жүзеге асырылуда. Бұл, әртүрлі аймақтардың нақты қажеттіліктерін ескере отырып, ауыл шаруашылығына қолдау көрсетуді көздейді. Литвада аймақтық көмектің

арттырылуы, әсіресе 2022-2027 жылдар аралығында, ауыл шаруашылығына арналған қолдауды одан әрі нығайтуды көздейді.

Литвада импорттың әсерінен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы нарықтан төмен болған кезде фермерлерге мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Бұл мемлекеттік қолдау, мысалы, интервенциялық сатып алулар арқылы немесе баға тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Қазақстанда осындай механизмді қолдану фермерлерге нарықтық күрделі жағдайларда қолдау көрсетуге көмектесер еді, бірақ мұндай шараларды қолдану үшін нарықты мұқият зерттеу және мемлекеттік қолдаудың айқын ережелері мен шарттарын белгілеу қажет.


2 Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығының жалпы жағдайына, қолданыстағы мемлекеттік бағдарламаларының тиімділігіне, процесстеріне талдау

2.1 Еліміздегі ауыл шаруашылығының қазіргі жай-күйі

Агроөнеркәсіптік кешенді инновациялауға және жаңғыртуға инвестицияларды ұлғайту жолдарын іздеу де маңызды аспект болып табылады. Аграрлық нарықтың серпінділігі мен тұрақсыздығын ескере отырып, аграрлық сектор елдің басқа экономикалық салаларынан қалыс қалмауы үшін даму стратегияларын үнемі талдап, түзету қажет.

Сондай-ақ, мемлекеттік қолдаусыз аграрлық сектор тиімді дамып, инновацияларды енгізе алмайтындығы атап өтілді. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық дамудың жоғары деңгейіне жету-бұл көпжылдық күш-жігердің нәтижесі, тіпті мұндай елдерде де экономикалық дағдарыстар мен басқа да қиындықтардан аулақ бола алмайды.

Соңғы кезеңде елімізде ауыл шаруашылығы саласындағы шаруа қожалықтарының саны өсуде. Ресми ақпаратқа сай 2022 жылдың қорытындысымен фермерлер саны 248,6 мыңға жеткен немесе 7,4%-ға артты (1-суретке сәйкес).



1-сурет – Фермерлер саны

Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

Жыл сайын АӨК дамытуға қабылданған бюджеттік бағдарламалардың орындалғанымен жер, капитал, еңбек өнімділігі индикаторларының өсуі баяулығынан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері арасында едәуір артта қалып келеді.

Жалпы ауыл шаруашылығын жаңғырту, ауыл шаруашылығының өнімдеріне әлемдік сұраныстың өсуіне дейінгі деңгейіне жету мақсаты «Қазақстан – 2050» стратегиясында қойылған.

Ауыл шаруашылығы негізінен азық-түлік өндірісінің рөлін атқарады. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өнімдеріне деген

сұранысты қамтитын немесе ауыл шаруашылығы тұтынатын өнімді шығаратын көптеген салалармен байланысты.

Жалпы еліміздің соңғы онжылдықтағы ғана экономикасын зерделеп қарайтын болсақ динамикада өсу қарқыны байқалады. ЖІӨ көлемі 2013 жылмен салыстырғанда ақшалай түрде 3 есеге артқан. Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі де төмендегі кестеде көрсетілген мәліметке сәйкес басқа салалармен шамалас деңгейде, яғни 3,3 есеге өсті (1-кестеге сәйкес). Ауыл шаруашылығы өндірісінің өсу факторларының бірегейі ретінде мемлекеттік қолдау құралдарын да алуға болады. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы саласында шағын фермерлік шаруашылықтар санының да артуы ауыл шаруашылығы өнімінің артуына өз үлесін қосары сөзсіз. Дегенмен ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалану арқылы өнім көлемін арттыруға болатындығын ескерсек басқа салалармен салыстырғанда ауыл шаруашылығы өнімі үлесінің аздығын байқаймыз.


Кесте 1 – ҚР ЖІӨ құрылымы, ақшалай түрде

	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Жалпы ішкі өнім, млрд тг	35 999	39 675	40 884	46 971	54 378	61 819	69 532	70 649	83 951	103 765
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	1 621	1 717	1 926	2 140	2 456	2 717	3 105	3 808	4 222	5 445
Құрылыс	2 145	2 358	2 448	2 759	2 977	3 286	3 811	4 285	4 765	5 454
Өңдеу өнеркәсібі	3 828	4 094	4 201	5 322	6 134	7 065	7 973	9 236	11 425	13 929
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	5 477	5 982	5 170	6 047	7 421	9 205	10 032	8 596	11 886	15 210
Көтерме және бөлшек саудада сату;	5 416	6 333	6 994	7 899	7 141	10 366	11 788	12 166	14 106	17 047

Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

Осы бағытта басқа салалармен ауыл шаруашылығы өнімінің тәуелсіздік алған уақыттан бастап өсу қарқынын зерделей келе еліміздің ЖІӨ 31 жылдың ішінде 2,6 есеге немесе 61,4%-ға өскен. Бастапқы жылмен салыстырғанда тау-кен өндіру өнеркәсібі 2,67 есеге, сауда-саттық 3,5 есеге, құрылыс саласы 2,5 есеге, ал ауыл шаруашылығы өнімі 26%-ға өскен немесе 1,5 есеге де жетпейді. Өңдеу өнеркәсібі де 17%-ға ғана артқан (2-суретке сәйкес). Яғни, елімізде ауыл шаруашылығы мен оның және басқа да өңдеу өнеркәсібінің әлі де болса дамуда


кенже қалғандығын көрсетеді. Ауыл шаруашылығында әлі де болса мемлекеттік бағдарламалардың орындалуында тиімділіктің байқалмауы немесе жергілікті отандық тауар өндірушілердің еңбек өнімділігінің төмендігін көрсетеді. Бұл ретте мемлекеттік қолдау шараларына ұсынылған өнімнің соңғы нәтижесін ынталандыруға аса көңіл бөлу керектігін көрсетеді.



2-сурет – Экономика секторларының өсу қарқыны

Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

Ауыл шаруашылығының даму қарқынын тәуелсіздік алған уақыттан бастап алып қарайтын болсақ, 1991 жылмен салыстырғанда өнім көлемі 281,3 млрд теңгеден 5,4 трлн теңгеге дейін өскен. Бірақ, ауыл шаруашылығы өнімінің ҚР ЖІӨ-дегі үлесі 31%-дан 5,2%-ға дейін азайған. Тиісінше ауыл шаруашылығы дефляторының индексі жинақтаумен есептелгенде 7,6 млн пайызға өсіп кеткен (3-суретке сәйкес). Яғни, ақшалай түрде өнім көлемі артқанымен негізгі шығарылған өнім көлемінің қарқыны өте жоғары емес деп түйіндеуге болады. Бұл өз кезегінде жыл сайын мемлекеттік қолдау көлемінің, түрлерінің артқанымен ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендігін көрсетеді.




3-сурет – Ауыл шаруашылығы өнімінің ЖІӨ-дегі үлесі, дефляторы
Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

Қазіргі уақытта Қазақстанда етті және құрамдастырылған тұқымды мал өсіру есебінен шешілуде. Мал басы соңғы бесжылдықта 17,4%-ға, 2022 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,7%-ға артты. Дегенмен 1991 жылғы (45,9 млн бас) көрсеткішке (2022ж – 33,6 млн бас) жете алар емес (4-суретке сәйкес). Мал басын көбейту мал шаруашылығы өнімінің артуына өз септігін тигізеді.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Жолдауында берілген тапсырмаларға сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен 2018 жылы «2018-2027 жылдарға арналған етті мал шаруашылығын дамыту» бағдарламасын қабылдау жоспарланған. Бағдарлама шеңберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа бағыттап оны импортқа алмастыруға 15 бағытын айқындаған. Фермерлік шаруагерлер санын 20 мыңнан 100 мыңға дейін арттыру, ІҚМ санын 7 млн-нан 15 млн. басқа дейін жеткізу жоспарланған [28].

2022 жылдың қорытындысымен қарайтын болсақ бұл көрсеткіштер әлі де толық орындалмағанын байқаймыз. Фермерлер саны 40 мыңға ғана артты, ІҚМ 12,5 млн басқа дейін жетті [27].



4-сурет – Мал басы мен құс басының саны

Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

Жалпы ауыл шаруашылығында соңғы бес жылдықта экспортқа шығару бойынша аса өсім байқалмайды, керісінше 2018 жылмен (13,6 млн тн) салыстырғанда 2022 жылдың қорытындысы бойынша (13,1 млн тн) азайған. Тиісінше осы саладағы импорт көлемі артқан (2018ж – 7,77 млн тн, 2022ж – 9,90 млн тн). Бұл әлі де болса халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде импорттық тауарларға тәуелді екенімізді көрсетеді (1-қосымшаға сәйкес).

Мал шаруашылығы өнімдерін экспорттауда да айтарлықтай өсім байқалмайды. 2018-ші (95,0 мың тн) және 2019-шы (115,4 мың тн) жылдары көбею процесі байқалғанымен соңғы кезеңдерде төмендеген [27]. 2018 жылға қарағанда 2022 жылы жалпы экспорт көлемі аздап өскен. 2022 жылы экспорттың жалпы көлемі 5 584 мың тоннаға жетіп, 3 819 млн долларға бағаланған. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 1 950 мың тонна және 728 млн долларға көп [27].

Ал өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің а/ш экспорттындағы үлесі 2018 жылмен салыстырғанда артты (2018ж – 36,7%, 2022ж – 41,9%). Бірақ 2018 жылмен салыстырғанда жалпы көлемі аса жоғары емес (1-қосымшаға сәйкес).

Аталған көрсеткіштердің төмендеген кезеңдеріне назар аударатын болсақ сол уақыттағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарықтағы үлесінің төмендеуіне басты себептердің бірі COVID 19 пандемиясының да әсері болуы мүмкін.

Жалпы қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы саласын дамытуға барлық ресурстар жеткілікті десек те болады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми ақпаратына сәйкес Жайылым жер көлемі – 180 млн га жуық (әлем б-ша 5-ші орында), 110 млн га жайылым алқабы жер асты және жер үсті су көздерімен қамтылған. Әйтсе де, жайлымдық жерлерді күтіп ұстамау фактілерінің орын алуы, көптеген жерлерде жайылым жерлерді суаруға су тапшылығының артуы осы саланың дамуына, өнім көлемінің артуына кері әсерін тигізеді.

Кесте 2 – АӨК өңдеу өнеркәсібі

Өнімнің (тауарлардың) және шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары мен пайдалану		
Өнімнің атауы	Нақты	Үлес салмағы, %
	2022 жылғы қаңтар-желтоқсан	2022 жылғы қаңтар-желтоқсан
Өңдеу өнеркәсібі		
Ет және құс еті, тағамдық қосымша ет өнімдері (ірі қара мал және құс еттерінің барлық түрлері бойынша өлі салмағымен берілген мәліметтер), тонна		
Ресурстар	1 417 469,1	100,0
Өндіріс	1 245 318,5	87,9
Импорт	172 150,6	12,1
Пайдалану	1 417 469,1	100,0
Экспорт	43 423,1	3,1
Ішкі нарықта өткізу	1 374 046,1	96,9
Ірі қара малдың, қойдың, ешкінің, шошқаның майлары, тонна		
Ресурстар	1 731,5	100,0
Өндіріс	42,7	2,5
Импорт	1 688,8	97,5
Бағалау	0,0	0,0
Пайдалану	1 731,5	100,0
Экспорт	96,6	5,6
Ішкі нарықта өткізу	1 634,9	94,4
Еттен, етті қосымша өнімдерден немесе жануарлар қанынан жасалған өзге де дайын және консервіленген өнімдер, еттен және етті қосымша өнімдерден жасалған жартылай фабрикаттардан басқа, тонна		
Ресурстар	169 940,7	100,0
Өндіріс	106 550,6	62,7
Импорт	63 390,0	37,3
Пайдалану	169 940,7	100,0
Экспорт	643,4	0,4
Ішкі нарықта өткізу	169 297,2	99,6

Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

Қазіргі уақытта мал шаруашылығы үшін жайылымдық жер алу процесінде бюрократтық кедергілер кездеседі. Өнім сапалығы мен көлеіні арттыру үшін малға қажетті жайылымдық жерлердің тиімді пайдаланылуына ерекше мән берген жөн. Көптеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер ұзақ мерзімге алынғанымен пайдаланылмай бос жатқандары көп.

Өңдеу өнеркәсібі саласында ет және құс етінен дайындалған өнімдердің экспортқа шығарылуы төмен деңгейде, 2022 жылы өндірістің 3,5%-ы ғана экспортқа шығарылған. Малдың майларының 97,5% сырттан тасымалданады (2-кестеге сәйкес).

Ет және құс етінен дайындалған өнімдердің өндіріс көлемінің аз ғана бөлігі экспортқа шығарылса да, соңғы бесжылдықта (2017-2021жж) өз деңгейінде 4 есеге жақын өскен. Негізінен ТМД елдеріне тасымалданады, 2021 жылы жартысынан астамы Ресейге шығарылған. Ал, Қырғызстанға 1/5 бөлігі экспортталған. Әлемнің басқа елдеріне экспортталған 1 279 тоннаның БАӘ, содан кейін Қытайға шығарылған. Жалпы ТМД-дан басқа елдерге экспорттау 5 есеге төмендеген. Әсіресе Қытайға шығаруға бәсеңдеген, 2019 жылы 3 644 тонна ет өнімдері экспортталса, 2021 жылы 225,4 тонна ғана шығарылған. Керісінше Ресейге экспорттау екі есеге артқан [27].

ҚР Үкіметі 2020 жылдан ірі қара, ұсақ мүйізді малдарды тірілей экспорттауға тыйым салғаннан бастап Қытай Қазақстаннан тарапынан экспортқа рұқсат алған зауыттардан ет өнімдерін, мұздатылған ет қабылдауды азайтқан.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Атырау облысының ауыл шаруашылығы секторы айтарлықтай өсімді көрсетті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 133,4 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 1,8%-ға артты. Бұл өсу негізінен мал шаруашылығында байқалды, оның үлесі 80,6 млрд теңге болып, 2,3%-ға өсті. Ал егін шаруашылығы 49,9 млрд теңге құрап, 1,1%-ға артты (3-кестеге сәйкес).


Кесте 3 – Атырау облысы ауыл шаруашылығы өнімінің шығарылымы

Жылда р	Ауыл, орман ж/е балық шару. өнімі, млн тг.	ауыл шаруашылығы , млн тг.	оның ішінде:			НКИ, %- бен
			мал шаруашылы ғы, млн тг.	өсімдік шаруашыл ығы, млн тг.	қызмет тер, млн тг.	
2018	67 287,2	65 815,6	39 786,8	25 532,9	495,8	104,6
2019	72 675,9	71 131,8	39 265,3	31 323,9	542,6	101,6
2020	86 478,3	84 779,7	48 371,7	36 004,1	403,9	103,6
2021	114 017,5	112 501,8	69 988,8	41 983,0	530	103,2
2022	133 368,8	131 088,4	80 620,9	49 884,6	582,9	101,8

Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

Ал, соңғы бес жылдағы ауыл шаруашылығы өнімінің шығару көлемі екі есеге өсті. Бұл саладағы өсу облыстың экономикалық дамуына елеулі үлес қосып отыр. 2018 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 65,8 млрд теңгені құраса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 131,1 млрд теңгеге жетті. Негізгі өсім мал шаруашылығында байқалады, оның үлесі 39,8 млрд теңгеден 80,6 млрд теңгеге дейін өсті. Егін шаруашылығының үлесі де айтарлықтай өсті – 25,5 млрд теңгеден 49,9 млрд теңгеге дейін [27].

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары мен фермерлер саны соңғы бес жылда 42%-ға артты (5-суретке сәйкес). Бұл ауыл шаруашылығының дамуына және оның экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесі деп айтуға болады. Ауыл шаруашылығы секторының осындай серпінді өсуі ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.



5-сурет – Атырау облысындағы фермерлер саны

Ескертпе - Автормен жасақталды [27]

Қазіргі уақыттағы ауыл шаруашылығы дамуын, жай-күйін көптеген факторлар арқылы сыртқы және ішкі жақтары мен мүмкіндіктерін, қауіптерін PEST, SWOT талдауларын жасауға болады.

Талдау қорытындыларына сәйкес жеңілдетілген несиелеу, субсидиялау жүйелерін оңтайландыру, замануи технологияларды енгізу, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру және қызметкерлердің біліктілігін арттыру қажеттілігі айқындалды. Сондай-ақ, инфрақұрылым дамытуда ауыл шаруашылығы өндірісіне қажетті шараларды назардас тыс қалдырмау керек. Қазақстанның әлеуетіне қарап ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын дамыту мүмкіндігінің үлкендігі байқалады (4-кестеге сәйкес).

Кесте 4 – SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<p>Табиғи ресурстар: Қазақстанның кең жер алқаптары, қолайлы климаты бар, бұл ауыл шаруашылығын дамыту үшін негіз болып табылады.</p> <p>Елеулі еңбек ресурстары: Қазақстанда ауыл шаруашылығында тәжірибесі бар ауыл халқының 40%-ына жуығы тұрады.</p> <p>Мемлекеттік қолдау: Қазақстан Үкіметі қаржылық, техникалық және құқықтық қолдау көрсете отырып, ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөледі.</p> <p>Қазақстан әлемдегі астық пен ұнды ірі өндірушілер мен экспорттаушылардың бірі болып табылады.</p> <p>Ауыл шаруашылығы өнімдерінің кең желісін өндіруге және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін топырақ-климаттық аймақтардың әртүрлілігі.</p>	<p>Механикаландырудың жеткіліксіз деңгейі: Қазақстанның ауыл шаруашылығында ескірген жабдық пайдаланылады, бұл оның тиімділігін төмендетеді.</p> <p>Еңбек өнімділігінің төмен деңгейі: Қазақстанның ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі дамыған елдерге қарағанда төмен.</p> <p>Инфрақұрылым жеткіліксіз: Қазақстанның ауылдық жерлерінде инфрақұрылым жеткіліксіз дамыған, бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдау мен сақтауды қиындатады.</p> <p>Ресурстарды ұтымсыз пайдалану: жайылымдардың деградациясы мен шөлейттенуінің жоғары деңгейі, суару үшін судың жетіспеушілігі.</p> <p>Саланы қаржыландырудың жетіспеушілігі: ауыл шаруашылығын банктік кредиттеудің төмен деңгейі, субсидиялау тетігін жетілдірмеу.</p>
Мүмкіндіктері	Қауіптер
<p>Экспортты кеңейту: Қазақстанның ТМД, Еуропа және Азия елдерінің нарықтарына ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын кеңейту үшін әлеуеті бар.</p> <p>Органикалық ауыл шаруашылығын дамыту: Қазақстанның әлемдік нарықта сұранысқа ие органикалық ауыл шаруашылығын дамыту үшін әлеуеті бар.</p> <p>Ауыл шаруашылығындағы инновациялар: заманауи технологияларды пайдалану ауыл шаруашылығының тиімділігін арттырып, оның құнын төмендетуі мүмкін.</p> <p>АӨК-ке шетелдік инвестицияларды тарту үшін үлкен әлеует.</p> <p>Суармалы жерлердің көлемін ұлғайту және олардың тиімділігін арттыру.</p>	<p>Климаттың өзгеруі: климаттың өзгеруі дақылдардың өнімділігінің төмендеуіне және табиғи апаттар қаупінің жоғарылауына әкелуі мүмкін.</p> <p>Энергия бағасының өсуі: энергия бағасының өсуі ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге кететін шығындардың өсуіне әкелуі мүмкін.</p> <p>Басқа елдер тарапынан бәсекелестіктің өсуі: басқа елдер де ауыл шаруашылығын дамытып, қазақстандық өндірушілермен бәсекелесе алады.</p> <p>Ауыл және қала тұрғындарының табысы мен тіршілікті қамтамасыз ету жүйесіндегі теңсіздіктің өсуі.</p> <p>Саланы дамытуды тиімсіз мемлекеттік реттеу тәуекелі.</p>

Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

Ал, PEST талдау нәтижесімен климаттың өзгеруіне бейімделу және жайылымдарды басқару, жерді ұтымды пайдалану және қалпына келтіру бойынша бағдарлама әзірлеу қажеттігін аңғаруға болады. Энергия тасымалдаушылары бағасының өсуінің әсерін азайту үшін ҚР АШМ энергия

тиімділігі және жаңартылатын көздерін енгізу шараларын қабылдау маңызды (5-кестеге сәйкес).

Кесте 5 – PEST талдау

Саяси факторлар	Әлеуметтік факторлар
<p>Мемлекеттік қолдау: Қазақстан Үкіметі қаржылық, техникалық және құқықтық қолдау көрсете отырып, ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөледі. Бұл ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметіне қолайлы жағдай жасайды.</p> <p>Сауда келісімдері: Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың мүшесі болып табылады, ол қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдері үшін жаңа өткізу нарықтарын ашады.</p> <p>Климаттың өзгеруі: климаттың өзгеруі дақылдардың өнімділігінің төмендеуіне және табиғи апаттар қаупінің жоғарылауына әкелуі мүмкін. Бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты ауыл шаруашылығына теріс әсер етуі мүмкін.</p>	<p>Урбанизация: Қазақстан халқының урбанизациясы ауыл халқының азаюына әкеледі. Бұл ауыл шаруашылығында жұмыс күшінің жетіспеушілігіне әкелуі мүмкін.</p> <p>Халықтың әл-ауқатының өсуі: Қазақстан халқының әл-ауқатының өсуі сапалы және қауіпсіз тамақ өнімдеріне сұраныстың артуына алып келеді. Бұл саланы дамытуға және ауыл шаруашылығының табысын арттыруға жаңа мүмкіндіктер туғызады.</p> <p>Тұтынушылардың қалауын өзгерту: тұтынушылардың қалауын өзгерту дәстүрлі ауылшаруашылық өнімдеріне сұраныстың төмендеуіне және органикалық ауыл шаруашылығы сияқты жаңа өнімдерге сұраныстың артуына әкелуі мүмкін. Бұл саланы дамытуға және ауыл шаруашылығының кірісін арттыруға жаңа мүмкіндіктер туғызуы мүмкін.</p>
Экономикалық факторлар	Технологиялық факторлар
<p>Экономикалық өсу: Қазақстандағы экономикалық өсу ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс туғызады. Бұл саланың дамуына және ауыл шаруашылығы министрлігінің табысының артуына ықпал етеді.</p> <p>Энергия бағалары: Энергия бағасының өсуі ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге кететін шығындардың артуына әкелуі мүмкін. Бұл саланың кірістілігіне теріс әсер етіп, ауыл шаруашылығы министрлігінің кірісінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.</p> <p>Инфляция: Инфляция халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуіне және ауылшаруашылық өнімдеріне сұраныстың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл салаға кері әсерін тигізіп, Ауыл шаруашылығы министрлігінің табысының төмендеуіне әкелуі мүмкін.</p>	<p>Жаңа технологияларды дамыту: ауыл шаруашылығында жаңа технологияларды дамыту өндіріс тиімділігін арттырып, шығындарды төмендетуі мүмкін. Бұл саланы дамытуға және ауыл шаруашылығы министрлігінің кірісін арттыруға жаңа мүмкіндіктер туғызуы мүмкін.</p> <p>Роботтарды пайдаланудың артуы: ауыл шаруашылығында роботтарды пайдаланудың артуы жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін, бірақ сонымен бірге оларды басқару бойынша білікті кадрлардың көбеюі.</p> <p>Жасанды интеллектті пайдаланудың артуы: ауыл шаруашылығында жасанды интеллектті пайдаланудың артуы процестерді автоматтандыруға және шығындарды азайтуға әкелуі мүмкін. Бұл саланы дамытуға және ауыл шаруашылығы министрлігінің кірісін арттыруға жаңа мүмкіндіктер туғызуы мүмкін.</p>

Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне ішкі нарыққа өнім өндірудің өткізген құнын нарықтық бағадан төмен өтеу бойынша қолдау шараларын қарастыруы қажет. Жаңа технологияларды дамытуға байланысты мүмкіндіктерді пайдалану үшін ауыл шаруашылығына инновациялық технологияларды енгізу бағдарламаларын жасап, жастарды ауыл шаруашылығына тарту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша бағдарламаларды жетілдіру әл аумақтың көтерілуіне өз септігін тигізеді.

2.2 Мемлекеттік қолдау құралдарының қазіргі моделі, қолжетімділігі

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау осы саланы дамытудың маңызды элементі болып табылады. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, айтарлықтай қаржыландыру және қолдаудың әртүрлі формалары ауылшаруашылық кәсіпорындарының өнімділігі мен тұрақтылығын едәуір жақсарта алады. Қазақстан үшін ағымдағы сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, осы әдістерді бейімдеу ауыл шаруашылығының орнықты дамуының кілті болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта елімізде ауыл шаруашылығын дамытуға арналған мемлекеттік қолдау құралдарының негіздемесі ҚР 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуға арналған мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаларын, әдістерін және құралдарын анықтайды. Ол агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, мемлекеттік қолдау түрлерін, субсидиялау, несиелендіру, сақтандыру және агроөнеркәсіп инфрақұрылымын дамыту мәселелерін қамтиды [8]. Заң ауылдық аумақтарды дамытуға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған шараларды да қарастырады. Сондай-ақ, Заңмен:

- азық-түлік нарықтарын мемлекеттік реттеу;
- ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Агроөнеркәсіптік кешенді техникалық және технологиялық қамтамасыз ету;
- Ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету;
- АӨК саласындағы мамандандырылған ұйымдар құру;
- АӨК ғылыми қамтамасыз ету және ол үшін кадрлар даярлау;
- Ауылдық аумақтарды дамыту;
- Нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету;
- АӨК және ауылдық аумақтарды дамытудағы халықаралық ынтымақтастық сияқты өзекті мәселелер реттеледі.

Ал, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсанда бекітілген «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» қаулысымен АӨК дамыту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсаттары қарастырылған [9]. Негізгі бағыттары:


- Өсімдік және мал шаруашылығы;

- Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және ынталандыру;
- Техникалық жарақтандыру және цифрландыру;
- Ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету;
- Инфрақұрылым және кооперация;
- Мемлекеттік қолдау.

Негізгі көрсеткіштер:

- Ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі үлесін арттыру;
- Экспорт көлемін ұлғайту;
- Өндіріс тиімділігін жоғарылату.

Мемлекеттік қолдау құралдары ауыл шаруашылығы мен шағын және орта бизнестің дамуын ынталандыру үшін қаржылай және қаржылай емес қолдау түрлерін қамтиды. Бұл қолдау құралдары фермерлер мен кәсіпкерлерге қажетті ресурстарды қамтамасыз етіп, олардың тұрақты дамуына ықпал етеді.



6-сурет – Мемлекеттік қолдау құралдарының қазіргі моделі

Ескертпе - Автормен жасақталды

Жалпы шағын және орта бизнестің, оның ішінде ауыл шаруашылығының дамуын мемлекеттік қолдау түрлері қаржылай және қаржылай емес болып 2 бағытта жүргізіледі. Өз зерттеуімнің нәтижесінде негізгі қолданыстағы мемлекеттік қолдаудың бағыттарын 6-суретте көрсетілген сызбада жасақтады. Яғни, ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығы қызметкерлері негізінен төрт түлік мал сатып алуға, мал шаруашылығы бағытындағы субсидияларды алуға жүгінеді.

Зерттеу нәтижесінде 10-суреттей көрсетілгендей ауыл шаруашылығы саласында төленген субсидиялар көлемі жыл сайын 5-10% аралығында артқанымен, 1-кесте мен 2-ші және 3-ші суреттерде көрсетілгендей ауыл шаруашылығы саласының ҚР ЖІӨ-гі үлесінің өте төмен деңгейде болуы мемлекеттік қолдаудың тетіктерін жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Әрине, бұл процесті еліміздің мұнай өнімдерінің ЖІӨ-гі үлесінің жоғары болуынан деп те пікір қалдыруға да болады. Алайда, зерттеушілердің басым бөлігінің қорытындыларында инфляция, жұмыс күші, дефлятор және т.б. экономикалық көрсеткіштермен салыстыра отырып та байқауға болады.

Үкімет тарапынан жеңілдетілген несие, субсидия төлеу бағытында төлем жүргізу жұмыстарымен шектеліп қалмай өңдеу, қайта өңдеуде инфрақұрылыммен қамту мәселелерін де қамту керек.

Жоғарыда атап өткендей Атырау облысы фермерлері климаттық ерекшеліктеріне байланысты мал басын көбейту, жергілікті топыраққа бейімделген егістік дақылдарын егу жұмыстарын жүргізумен шектелуде. Әсіресе мал шаруашылығында өңдеуді дамытуға қызығушылықтың артпауы мен қатар нарықтық бәсекелестіктің де ісері бар.

Субсидиялар ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларын қолдауға бағытталған мемлекеттік қаржылық көмек болып табылады. Олар фермерлерге жаңа техника сатып алуға, өсімдік шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығын қолдауға және басқа да мақсаттарға беріледі. Субсидиялар фермерлерге қаржылық ауыртпалықты азайтып, өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

Несие беру бағдарламалары ауыл шаруашылығы мен шағын бизнесті дамыту үшін төмен пайыздық мөлшерлемелермен несие алу мүмкіндігін ұсынады. Бұл несиелер жаңа жобаларды іске асыруға, өндірісті кеңейтуге және жұмыс орындарын құруға көмектеседі. Несие беру арқылы фермерлер мен кәсіпкерлер қажетті қаржылық ресурстарға қол жеткізеді.

Гранттар жаңа бастамаларды қолдау және инновациялық жобаларды дамыту үшін беріледі. Олар фермерлер мен кәсіпкерлерге өздерінің идеяларын жүзеге асыруға және бизнесті кеңейтуге мүмкіндік береді. Гранттар қаржылық қайтарымсыз көмек ретінде ұсынылады және бұл жобаларды іске асыруға қажетті бастапқы капиталды қамтамасыз етеді.

Гарантиялар мемлекеттік кепілдіктер ретінде ұсынылады, олар несие алу кезінде қосымша кепілдік болып табылады. Бұл фермерлер мен кәсіпкерлердің қаржылық тәуекелдерін азайтып, несие алу мүмкіндіктерін арттырады. Гарантиялар қаржылық институттармен бірлесіп жүзеге асырылады.

Қаржылай қолдау бағытында негізінен Үкімет тарапынан бөлінген бюджеттің игерілуіне байланысты алдын ала жасақталған бағдарламаларға сәйкес жүргізіледі. Қазіргі уақытта негізінен Аграрлық несиелер корпорациясымен 10 астам түрлі бағдарламалармен қаржыландыру жүргізіледі. Оның ішінде әр бағдарламаның өзіндік ерекшеліктері бар. Сондай-ақ, Екінші деңгейлі банктер арқылы Даму АҚ қорының пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау арқылы да ұзақ әрі қысқа мерзімге жеңілдетілген несиелер беріледі. Алайда, Банктердің кепіл саясатына қоятын талаптарының жоғары болуына байланысты қолжетімділігі төмен болады.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау моделі көрсетілген б-суреттегі жағдай бойынша келесі мәселелерді атап өтуге болады:

1. Мемлекеттік қолдау көрсететін көптеген операторлардың бар болуы (ЖАО, Даму АҚ, ЕДБ, АНК, НС, Атамекен ҰКП) шағын және орта бизнестің дамуын қолдау жүйесінің күрделілігін арттырады. Бірыңғай оператор құру бір терезе қағидаты бойынша барлық қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл модельдің экономикалық және қаржылық тиімділігін зерттеу арқылы оның қажеттілігін анықтауға болады.

Қазақстанда бірыңғай операторды енгізу "бір терезе" қағидаты бойынша шағын және орта бизнесті қолдау жүйесінің тиімділігін арттырады. Бұл процестерді оңтайландырып, қаржылық шығындарды азайтуға және экономикалық көрсеткіштердің жақсаруына мүмкіндік береді. Мемлекеттік қолдау қызметтерінің бірыңғай оператор арқылы орталықтандырылуы кәсіпкерлік субъектілерінің қанағаттануына және бизнес дамуына ықпал етеді. "Бір терезе" қағидаты бойынша бірыңғай операторды енгізу мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бірыңғай оператордың артықшылықтары:

- **Процесстерді оңтайландыру.** Бірыңғай оператор арқылы барлық қызметтерді ұсыну процестерді айтарлықтай оңтайландырады. Бұл бизнес иелері үшін уақытты үнемдейді және әкімшілік жүктемені азайтады. Бір терезе қағидаты барлық қажетті ақпарат пен қолдау қызметтерін бір жерде алуға мүмкіндік береді. Мысалы, Ямайкадағы ұлттық электрондық "бір терезе" жүйесі (UNCTAD-тың қолдауымен) импорт пен экспорт рұқсаттарын алу уақытын 3 күннен 24 сағатқа дейін қысқартты, бұл логистикалық шығындарды айтарлықтай азайтты [29].

- **Қаржылық шығындарды азайту.** Бірыңғай оператор арқылы қызмет көрсету қаржылық шығындарды азайтады. Әртүрлі операторлардың қызметін үйлестіру мен әкімшілік шығындарды қысқарту арқылы бюджетке жүктеме төмендейді.

- **Экономикалық көрсеткіштердің жақсаруы.** Бірыңғай оператордың қызметі арқылы кәсіпкерлерге көрсетілетін қолдау тиімділігі артып, экономикалық көрсеткіштердің жақсаруына ықпал етеді. Бұл шаралар жалпы ішкі өнімнің өсуіне және экспорттық әлеуеттің артуына мүмкіндік береді.

Бірыңғай операторды енгізу Қазақстанның экономикалық өсіміне және кәсіпкерлік белсенділіктің артуына ықпал етеді.

ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында саланы цифрландыру, қадағалау жүйесін енгізу арқылы көлеңкелі экономиканы болдырмау үшін шара қабылдауға «бірыңғай оператор» құру арқылы шешімін табуға болады.

2. Қазіргі уақытта еліміздің өңірлерінің климаттық ерекшеліктері әр түрлі болуына байланысты ауыл шаруашылығының дамуы да бір деңгейде емес. Атырау облысы солтүстік, шығыс өңірлермен алыстырғанда климаты шөлейтті болғандықтан ауыл шаруашылығының дамуына көптеген кедергілер кездеседі. Дегенмен Үкімет тарапынан қалыпты деңгейде жеңілдетілген несиелер, субсидиялар төленгенімен бұл саланы дамытуға, әсіресе өңдеу саласын қарқынды дамытуға қызығушылық артатын фермерлер жоқтың қасы.

Ресми статистикалық мәліметке сәйкес 2022 жылы Атырау облысында 73,1 мың тонна сүт өндіріліп, 2021 жылмен салыстырғанда 3,9%-ға артқан [27]. Ресми мәліметке сүйенсек өндіріс көлемі жыл сайын артып келе жатқаны көрінеді. Ал, шын мәнінде Атырау облысында қазіргі уақытта «Өз сүт» фирмасы ғана жұмыс жасап, жылына 1 мың тонна сүт шамасында ғана өндіреді. Қалған бөлігі есепте тұрған төрт түлік малдың аналық басынан сауыннан орташа есептелетіндігі анық. Бірақ, қазіргі уақытта әр тұрғын үйден, фермерлік шаруашылықтан сауын сүтінің өндірілетіндігі шындыққа сәйкес келмейді. Демек шынайы түрде халықты жергілікті өніммен қамту мәселесі орындалуы төмен деңгейде. Ал, егер халықтың орташа тұтынатын азық-түлігінің қолжетімділігімен есептейтін болса анығырақ ақпарат шығады.

Сондықтан қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді қолдау мақсатында инфрақұрылыммен қамтамасыз ету шараларын қабылдау қажет. Солардың бірі Атырау облысында **Агроаймақ** (индустриялық аймақ) құру арқылы өндіріс, өңдеу саласын дамытуға ықпал етуге болады.

Агроаймақ құрудағы мемлекеттік қолдаудың рөлі туралы шетелдік тәжірибені қарастыратын болсақ:

Атырау облысына климаттық жағдайы ұқсас келетін Израильде Негев шөліндегі агрозоналардың дамуы мемлекеттік қолдаудың арқасында жүзеге асырылды. Израиль үкіметі су ресурстарын басқару және ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша кешенді шаралар қабылдады. Су тұщыландыру станцияларының құрылысы мен ағынды суларды қайта өңдеу бағдарламалары ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарды.

Израильдің су ресурстарын басқару тәжірибесі өте тиімді. Елде тұщыландыру станциялары арқылы теңіз суы тұщыландырылады, ал қайта өңделген ағынды сулар ауыл шаруашылығында пайдаланылады. Израильде ағынды сулардың 90%-дан астамы қайта өңделіп, ауыл шаруашылығына қолданылады, бұл әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып табылады [30].

Нидерландыдағы Westland жылыжай кластері де мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде құрылған. Үкімет инфрақұрылымдық қолдау көрсетті, соның ішінде жылыжай кешендері үшін қажетті су, энергия, көлік және коммуникация

инфрақұрылымын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, үкімет ғылыми зерттеулер мен инновацияларға қаржы бөлді, бұл жылыжай шаруашылығында жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік береді. Бұл аймақтағы фермерлер мен зерттеу институттары арасында тығыз ынтымақтастық ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыруға және әлемдік нарықтарға шығуға көмектеседі.

Greenport West-Holland жобасына мемлекет 2019 жылы 15 миллион еуро, ал 2020-2030 жылдары 75 миллион еуро көлемінде қолдау көрсетті. Бұл қаржы жылыжай шаруашылығында жаңартылатын энергия көздерін пайдалануға және CO₂ шығарындыларын азайтуға бағытталды [31].


Эфиопияда Үкіметтің рөлі агроөнеркәсіптік парктерді құруда маңызды болды. 2009 жылы қабылданған агроөнеркәсіптік стратегия аясында үкімет төрт пилоттық агроөнеркәсіптік паркті анықтады және дамытуға кірісті. Бұл парктер фермерлерге өнімдерін өндіру, сақтау және өңдеу үшін қажетті инфрақұрылымды (қоймалар, өңдеу зауыттары, су, электр қуаты және бизнес-тіркеу қызметтері) ұсынды. FAO және Еуропалық Одақ сияқты халықаралық ұйымдардың техникалық және қаржылық қолдауымен үкімет өндіріс пен өнімділікті арттыруға бағытталған инвестициялық жоспарлар әзірледі [32].

Әртүрлі елдердегі агрозоналар мен индустриялық аймақтарды құрудағы мемлекеттік қолдау шараларының табысты мысалдары ауыл шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосады. Израиль, Нидерланды және Эфиопия тәжірибелері мемлекеттік қолдаудың және халықаралық ынтымақтастықтың ауыл шаруашылығын дамытудағы маңыздылығын көрсетеді.

Бұл тәжірибелер Қазақстанда агрозоналарды дамыту кезінде ескеріліп, қолданыла алады. Ауыл шаруашылығын инфрақұрылыммен қамтамасыз етуде елімізде де мемлекеттік қолдаулар жоқ емес, бірақ ол инвестициялық субсидиялаумен қарастырылған. Ал, ол өз кезегінде Атырау облысында жоғары деңгейде нәтиже көрсетіп жатырған жоқ. Сондықтан Үкімет тарапынан Агроаймақ құру туралы нақты шаралар қабылдауға кірісу керек.

2.3 Ауыл шаруашылығын тұрақты дамытудағы мемлекеттік шаралар

Елімізде АӨК саласын дамытуға несиелеу және субсидиялау бағытында көптеген қаржылық қолдау бағдарламалары бар. «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Қазақстанда фермерлерді жеңілдетілген несиелеу бойынша алдыңғы шептегі операторлардың бірі. Республика бойынша өңірлерде 19 филиалы бар. Ал, 2022 жылы «Агробизнес», «Жеңілдетілген несиелеу», «Кең дала» және т.б. бағдарламалар шеңберінде төрт түлік мал сатып алуға, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, өндіру, ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алу және т.б. үшін 8 мыңнан астам фермерді 393,8 млрд теңге несиелеумен қамтыды (7-суретке сәйкес). Негізінен несиелеу пайыздары 2,5%-15% аралығында қарастырылған. Бірақ бұл несиелеумен қамтылған фермерлер саны барлық тіркелген фермерлер санының (248 602 субъект) 4,5%-ын ғана құрайды [33].




7-сурет – АНК несиe алғандар саны мен көлемі
Ескертпе - Автормен жасақталды [33].

Ал, АНК құрамына 2022 жылдан бастап енген «ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылығы техникаларын лизингке беруді жеңілдетілген пайызбен жүзеге асырады. Жалпы компаниямен 2022 жылы 5 680 фермер 311,6 млрд тг алған жеңілдетілген несиеге 9 009 дана ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған (8-суретке сәйкес). Республикадағы жалпы фермерлер санының 2,3%-ын құрайды [33].

Қазақстанда тіркелген 248 мыңнан астам фермерлердің тек 1399-ы ғана «Даму қоры» АҚ арқылы жеңілдетілген несиe алған. Бұл жалпы фермерлер санының тек 0,56%-ын құрайды [34]. Мұндай төмен көрсеткіш несиелердің барлық фермерлерге бірдей қолжетімді емес екенін көрсетеді және несиелік қолдауды кеңейту қажет екенін аңғартады (9-суретке сәйкес).

Атырау облысында 126 фермерге 474 млн теңге көлемінде несиe берілгені байқалады. Бұл көрсеткіштер Атырау облысының ауыл шаруашылығын дамыту үшін несиелік қолдау механизмінің маңыздылығын көрсетеді.

Несиелердің берілуі фермерлер санының өсуіне ықпал етуде және ауыл шаруашылығын дамытудағы негізгі құралдардың бірі болып табылады. Әсіресе, несиелік қолдау ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруға және ауылдық жерлердегі экономикалық жағдайды жақсартуға ықпал етеді.



8-сурет – «ҚазАгроҚаржы» АҚ техника сатып алғандар


Ескертпе - Автормен жасақталды [33].

Кейбір аймақтарда фермерлер санының көп болуына қарамастан, несиелердің көлемі салыстырмалы түрде төмен. Мысалы, Қостанай облысында 3 045 фермерге 2 892 млн теңге бөлінген, ал Ақмола облысында 373 фермерге 2 707 млн теңге бөлінген. Бұл несиелердің тиімділігін бағалау қажет екенін көрсетеді [34].

Несиелік қолдау алудағы әкімшілік кедергілерді жеңілдету қажет. Фермерлердің көпшілігі несиелену үшін қажетті құжаттарды жинау, банк талаптарын орындау және кепілдік қамтамасыз ету мәселелерімен бетпе-бет келуде. Бұл процесс фермерлердің көпшілігіне қиындық туғызады және несиелердің қолжетімділігін төмендетеді.

Фермерлердің басым көпшілігі жеңілдетілген несиелер туралы ақпараттандырылмаған болуы мүмкін. Осы бағытта ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен фермерлерді қаржылық сауаттылыққа үйрету маңызды болып табылады. Бұл фермерлердің несиелік қолдауды тиімді пайдалануына ықпал етеді [34].

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан республикасы заңының жобасын оның шығыстарының негізгі бағыттары бойынша бағалау жөніндегі қорытынды және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпаратына сәйкес соңғы бесжылдықта (2018–2022жж) ауыл шаруашылығын субсидиялауға **1 700,0 млрд теңге** (10-суретке сәйкес) төленген (2018ж. – 226 млрд. тг; 2019ж. – 323,2 млрд. тг; 2020ж. – 362,6 млрд. тг; 2021ж. – 371,5 млрд. тг; 2022ж. – 450 млрд. тг) [35,36,37].



9-сурет – ЕДБ несие алғандар саны, көлемі
Ескертпе - Автормен жасакталды [33].

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін жүргізіліп жатырған мемлекеттік саясат негізінен азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы алғанда еліміздегі мемлекеттік қолдаудың нәтижесі, соның ішінде субсидиялау мен ауыл шаруашылығы көрсеткіштері арасында тікелей байланыс бар екендігін көрсетеді. Мәселен 2017 жылдан бастап 2022 жылға дейінгі субсидиялау көлемі бойынша – 1,7 есе, ауыл шаруашылығы өнімі – 2,3 есе, ауыл шаруашылығына салынған инвестициялар өсімі – 2,4 есе құрады (6-кестеге сәйкес).

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мемлекеттік қолдауға әлі де болса тәуелділігін, оған қоса субсидиялау бағдарламаларының қажеттілігін көрсетеді. Яғни, отандық АШТӨ нарықтық бәсекеге қабілетінің төмендігін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жанама қолдауда бағаны субсидиялау, өндірілетін өнімнің сапасын арттыруға бағыттау, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізу, қоршаған ортаны қорғау, өнім алуы қиындық туғызатын өңірлерде өндірісті қалпына келтруге, шағын фермерлік шаруашылықтарға ең төменгі табыс көзінің жоғары қамтылуын басты назарға алу оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.



10-сурет – Субсидиялау көлемі

Ескертпе - Автормен жасақталды [35, 36, 37].

Негізінен әлемнің елдерінде, атап айтқанда ДСҰ-ға қатысушыларда нарықтық бағаны бұрмалайтын, сондай-ақ, өндіріс тиімділігін арттыруға ықпал етпеген АӨК тікелей мемлекеттік қолдау шараларын азайту тәжірибесі кеңінен қолданыла бастауда.

Әрбір өңірдің ауыл шаруашылығының ЖІӨ-не соңғы 5 жылдағы үлесін талдау барысында субсидиялардың облыстардың ерекшеліктеріне қарай игерілмегендігі көрінеді.

Ақмола, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, СҚО өңірлері соңғы бесжылдықта, яғни 2018-2022жж аралығында ауыл шаруашылығы бағытында төленген субсидияның үлесі Республиканың Ауыл шаруашылығы шығарылымының үлесінен асады. Яғни, субсидия артық төленгенімен өнім көлемінің үлесі аз көрсеткіш болған. Ал, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Түркістан, ШҚО өңірлерінің ауыл шаруашылығының шығарылымы жыл сайынғы субсидиялау көлемінің өзгеруіне байланысты емес екендігі байқалады.

Агроөнеркәсіптің дамуы мемлекеттік қолдау бағдарламаларымен ғана өз нәтижесін беретіндігі тәжірибеде кездескен. Бірақ, қолдау құралдарының көптеген жетілдіру тұстары жетерлік. Ауыл шаруашылығында өңдеу мен өндіріс әлі де болса әлсіреп тұр (3-қосымшаға сәйкес).

Ал, Атырау, Қарағанды, Маңғыстау облыстары, Алматы, Астана, Шымкент қалаларының ауыл шаруашылығы саласына төленген субсидиясының

аздығына қарамастан Республиканың ЖІӨ-дегі үлесі жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда облыстары республиканың ЖІӨ-дегі үлесі төленген субсидиясынан төмен деңгейде.

Зерделеу нәтижесіне байланысты әр өңірдің ерекшелігіне байланысты субсидиялау бойынша нормаларын енгізу керектігін көрсетеді (3-қосымшаға сәйкес).

Кесте 6 – Ауыл шаруашылығы көрсеткіштерінің серпіні

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2017	2018	2019	2020	2021	2022	Өзгерістер 2017/2022
Ауыл шаруашылығына берілген субсидия көлемі	млрд теңге	260,3	225,9	323,2	362,6	371,5	450	1,7
Ауыл шаруашылығының ЖІӨ	млрд теңге	4 070,9	4 474,1	5 151,2	6 334,7	7 546,7	9 257,5	2,3
Ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі субсидиялардың үлесі	%	6,4	5,1	6,3	5,7	5,1	5,2	
ҚР ЖІӨ	млрд теңге	54 378,9	61,819,5	69 532,6	70 649,0	83 951,5	103 765,5	1,9
ҚР ЖІӨ субсидиялардың үлесі	%	0,5	0,4	0,5	0,5	0,4	0,4	
Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі	млрд теңге	352,5	395,6	501,6	573,2	773,2	853,5	2,4

Ескертпе - Автормен жасақталды [27, 35, 36, 37].

Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдауда **орталықсыздандыру** жүйесін қолға алу арқылы әр өңірдің климаттық жағдайына байланысты субсидиялау, несиелеу бағытында тұрақтылық орнатуға болады. Мысалы, Атырау облысы мен Республиканың солтүстік немесе басқа да климаттық жағдайы жоғары өңірлерін салыстырғанда алынатын өнім деңгейлері бірдей емес. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлерінің құнарлылығы, балл банитеті төмен өңірлерде өнім алу үшін шығындары көп болады.

Ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттен субсидия аз алатын Атырау, Маңғыстау облыстары климаттық жағдайына байланысты алған субсидиялары кеткен шығынның көлемін ақтамайтындығынан жергілікті тұрғындардың салаға қызығушылығы төмендейді. Ал, жергілікті жерде ауыл шаруашылығын дамытуға ынталандыра алмау бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің жетіспеушілігіне, одан әрі азық-түлік қауіпсіздігіне әкеліп соғатыны анық.

Атырау облысының ауыл шаруашылығын қолдау мақсатында соңғы бесжылдықта 15 млрд тг шамасында субсидияға қаржы бөлінген. Оның 57,7%-ы жергілікті бюджеттен қаржыландырылған (4-қосымшаға сәйкес). Жалпы республика көлемінде ең аз субсидияланған өңірлердің бірі ретінде, оның көп бөлігін өз қаражатынан қаржыландырылған. Ал, республикалық бюджеттен керісінше ақша алатын әрі климаттық жағдайы ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы СҚО-ға төленген субсидиясының (68,8 трлн тг) 59%-ын, яғни 40,5 трлн тг республикалық бюджеттен төленген. Субсидиялау тиімділігін арттыратын жаңалық **2024 жылдан бастап** субсидия алушылар үшін қарсы міндеттемелерді енгізу болып табылады.

2022 жылы агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға 4,7 млрд теңгеге 1 387 субъектісі субсидияланды. Алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,7 есеге артып отыр (2021 жылы 1 494 АӨК субъектілеріне 2 417,3 млн тг төленді).

Атырау облысы республикалық қазынаға қаржы толтыратын донор өңірлердің бірі ретінде таныла отырып, тиісінше республикаға берген қаржының (7-кестеге сәйкес) 1%-ның шамасында ғана ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдауға, субсидиялауға алады. Бұл өз кезегінде әр өңірдің өз бюджетін толықтай дамытуға жоспарлауға мүмкіндігінің шектелуіне әкеледі.

Кесте 7 – Атырау облысынан республикалық бюджетке алып қою

	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Республикалық Бюджетке алып кету (изъятия) млрд тг	98,1	105,1	207,3	213,7	287,4

Ескертпе - Автормен жасақталды [38].

3 Агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдірудің басым бағыттары

3.1 Мемлекеттік қолдаудың экономикалық әсері

Ауыл шаруашылығын ғылыми зерттеудің орны маңызды, өйткені ол ауыл шаруашылығы саласының дамуына, өнімділіктің артуына және тұрақты экономикалық өсуге ықпал етеді. Ғылыми зерттеулердің орны мен маңыздылығы келесі аспектілерде көрінеді:

- Ғылыми зерттеулер жаңа және жоғары өнімді сорттарды, сондай-ақ тиімді агротехнологияларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл фермерлерге өнімділікті арттырып, табысты жоғарылатуға көмектеседі.

- Су, топырақ және тыңайтқыштарды тиімді пайдалану әдістерін зерттеу ресурстарды үнемдеуге және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Бұл экологиялық тұрақтылықты сақтауға да ықпал етеді.

- Ауыл шаруашылығын климаттық өзгерістерге бейімдеу үшін ғылыми зерттеулер маңызды. Олар климаттық өзгерістерге төзімді дақылдарды және ауыл шаруашылығы практикаларын әзірлеуге көмектеседі.

- Ғылыми зерттеулердің нәтижелері ауыл шаруашылығы өнімділігін арттыру арқылы ауылдық аймақтардың экономикалық өсуіне ықпал етеді. Бұл жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, ауылдық инфрақұрылымның дамуына және халықтың өмір сүру деңгейінің көтерілуіне септігін тигізеді.

Магистрлік жобаның тақырыбына сәйкес Атырау облысының ауыл шаруашылығының ерекшелігіне байланысты ғылыми зерттеу жұмысының маңыздылығын талдап көрейік.

Атырау облысы жер қоры 11,9 млн гектар, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер қоры – 3,2 гектар. Өңірдегі жердің 1,6 млн гектары сорлы, 782,7 мың га су басқан, 166,4 мың га құмды, ал 2,5 млн га қыратты болып келеді. Налуқ үні ақпараттық сайтының ақпаратына сәйкес облыстың жер қорының 58,7%-ы ауыл шаруашылығы мақсатына пайдалануға қолайсыз. Сондай-ақ, Атырау облысында соңғы 40 жыл ішінде жайылымдардың құнарлығын анықтау үшін геоботаникалық зерттеу жүргізілмеген [39].

Атырау облысында орналасқан мұнай компаниялары өнеркәсіпті дамытуға үлес қосумен қатар қоршаған ортаға да зиянын тигізуде. Мұнай компанияларының жергілікті жерде әлеуметтік жауапкершіліктерін ескеруі және оны орындауы негізінен қысқа мерзімді әрі әлеуметтік қамсыздандыру бағытында атқарылады. Негізінен экологияға тигізген зардаптарының орнын өтеу үшін кемінде өңірдің ауыл шаруашылығының ғылыми зерттелуіне үлес қосуы ауыл шаруашылығының дамуына әсер етеді. ҚР 2017 жылғы 27 желтоқсандағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 129-бабының 2-тармағына сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган ғылым саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып айқындаған тәртіппен ғылыми-зерттеу жұмыстарына жер қойнауын пайдаланушының көмірсутектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының **бір пайызы** мөлшерінде қаржыландыруды жүзеге асыруға. Осы орайда Атырау облысындағы жер қойнауын пайдаланушы ірі

компаниялардың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер қойнауын, ауыл шаруашылығының ерекшелігін (специфика) дамытуға ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндіктері бар және оның нәтижесі өңірдің экономикалық дамуына оң ықпал етеді.

Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында ауыл шаруашылығын дамыту үшін суару-суландыру жүйелерін күрделі жөндеу, мал шаруашылығын дамыту, агроөнеркәсіптік кешенді қолдау бағыттарына ерекше назар аударылады. Жоспарда көрсетілген өзекті проблемалардың бірі өңірдегі тұщы су көздерінің тапшылығы. Жайылымдық жерлерді суландыру үшін суару-суландыру жүйелеріне күрделі жөндеу жүргізу арқылы өңірдегі су тапшылығының мәселесін шешуге септігін тигізеді. Болжамға сәйкес мал басының 50%-дан астамға, ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін субъектілер санының төмендеу тәуекелдері бар [40].

Ауыл шаруашылығы саласындағы қаржылай қолдаудың мультипликативті әсері ауыл шаруашылығына жұмсалған қаржылық қолдаудың жалпы экономикаға тигізетін жанама және тікелей әсерлерін білдіреді. Бұл өз кезегінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін арттырады, азық-түлік өндірісінің көлемін көбейтеді және сапасын жақсартады. Оның ішінде ауыл шаруашылығына жұмсалған инвестициялар жаңа жұмыс орындарының пайда болуына септігін тигізеді. Бұл ауылдық жерлерде жұмыссыздықты төмендетіп, әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартады.

Мысалы, ҚР АШМ ақпаратына сәйкес ауыл шаруашылығын дамытуға мемлекеттен 2021 жылы 371,5 млрд тг. субсидия бөлінді. Ал, 2022 жылы 450 млрд тг субсидия бөлінді. Осы субсидия төлемінің жалпы экономикаға мультипликативтілігін наықтау төмендегі формулаға сәйкес мәлімет енгіземіз:

$$m_G = \frac{\Delta Y}{\Delta G} = \frac{1}{1 - mpc}$$


$$m_g = 1/(1-0,72) = 1/0,28 = 3,57 * 450 \text{ млрд тг.} = 1\ 606,5$$

Алынған қорытындыға сәйкес 2022 жыл – 1 606,5 млрд теңге экономикаға өндіріс артты. Яғни, бұл жерде неғұрлым ауыл шаруашылығына көбірек салынған қаражат көлемінен соғұрлым экономикаға қосатын өндіріс үлесі де жоғары болады.


Тақырыпты зерттеу барысында ауыл шаруашылығының жалпы шығарылымына субсидиялау көлемінің байланысын анықтау үшін «STATISTICA» программасына Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросынан алған ауыл шаруашылығы саласы бойынша мәлеметтер Excel форматында салынып, корреляциялық талдау жүргізілді (11,12-суреттерге сәйкес).

Елдің аграрлық саласы өткізу нарықтарын ұлғайту үшін де, жалпы өндірісті ұлғайту үшін де жоғары даму әлеуетіне ие.

Сондықтан корреляциялық талдау үшін республиканың агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың негізгі көрсеткіштері алынды.



11-сурет – Корреляциялық талдау
Ескертпе - Автормен Excel жасақталды [27, 35,36,37].



12-сурет – Корреляциялық талдау
Ескертпе - Автормен STATISTICA жасақталды [27,35,36,37].

Корреляциялық және регрессиялық талдауларға жобаның 2-тарауында көрсетілген соңғы 10 жылдағы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы, мемлекеттік қолдауға бөлінген қаржы көлемі салынып, байланысы 11-суретте көрсетілгендей R^2 0,9-ға тең болып байланыстың жоғары екендігін көрсетеді. Негізінен бұл тек теориялық бағытта зерттеу жұмысы кезінде жасалған талдаудың нәтижесі, ал шынайы тұрғыда мемлекеттік қолдау араларының ауыл шаруашылығының дамуына байланысы жоғары болатындығы анық.


3.2 Атырау облысында ауыл шаруашылығын дамыту бағыттарында жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелерін талдау

Магистрлік жоба аясында еліміздегі, оның ішінде Атырау облысындағы ауыл шаруашылығының дамуына қатысты мемлекеттік қолдау шараларын талдау кезінде әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы қосымша зерделенді. Сауалнамаға Атырау облысынан 204 адам қатысып көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі, тиімділігі туралы өз ойларын білдірді.

Сауалнама мемлекеттік қолдау құралдарының тиімділігіне, қолжетімділігіне байланысты фермерлік шаруашылықтың барлық түрлеріне жүргізілді. Қатысқандардың 44,1%-ы мал шаруашылығы, 16,2%-ы өсімдік шаруашылығы саласының фермерлері. Ауыл шаруашылығы саласында қызмет ететіндер үлесі 11,8%-ды құрады, оның ішінде саладағы мамандар да болуы мүмкін (13-суретке сәйкес). Атырау облысының ерекшелігі мал шаруашылығы бағытында басымдық берілетіндігі сауалнамаға қатысушылардың санынан да байқауға болады. Демек, жоғарыда атап өткендей өндіріс, өңдеу салаларын да осы мал шаруашылығы бағытында дамытуға перспектива бар деп қаперге алуға болады [41].

1. Сіз Ауыл шаруашылығы саласында қызмет атқарасыз ба? Қай бағытта? // Вы работаете в сфере сельского хозяйства? В каком направлении?

204 ответа



13-сурет – Ауыл шаруашылығы бағытында жұмыс жасайтындар Ескертпе - Автормен сауалнама нәтижесінде жасалды.


Қатысқандардың 32,4%-ы 46-55 жас аралығындағылар, ал 25%-ы 36-45 жастағы азаматтар. Жастар жағы (26-35 жас) 15,2% ғана қатысқан. Яғни, сауалнамаға қызығушылықтары аз немесе саладағы негізгі мамандар егде жастағылар екендігін көрсетеді. Бұл болашақ кадр мәселесіне де алаңдатушылық бар екендігін айқындайды (14-суретке сәйкес).

Осы орайда ауыл шаруашылығы саласында жұмыспен қамтылғандар санына талдау жүргізу арқылы басқа салалармен салыстырғанда қандай деңгейде екенін байқауға болады. Республика бойынша 9 мыңға жуық азамат жұмыспен қамтылған болса, оның 12%-ы ауыл шаруашылығы саласында еңбек ететіндер. Ал, Атырау облысында 8,2 мың адам ауыл шаруашылығы саласында қызмет атқарады, ол өңірдегі жалпы жұмыспен қамтылғандардың 2,5%-ын ғана құрайды (8-кестеге сәйкес). Өңірде ауыл шаруашылығы саласында кадр дайындау,

фермерлер санын арттыру үшін қолайлы жағдай жасау, қолдау шараларын арттыру қажеттігін көрсетеді.

2. Қандай жас мөлшеріне жатасыз? // К какому возрасту вы принадлежите?

204 ответа



14-сурет – Сауалнамаға қатысушылардың жас мөлшері
Ескертпе - Автормен сауалнама нәтижесінде жасалды.

Кесте 8 – Жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам

	ҚР	Атырау
Жұмыспен қамтылғандар	8971,5	326,7
Ауыл шаруашылығы	1108,9	8,2
Өнеркәсіп	1121,2	37,5
Құрылыс	658,9	61,0
Көтерме, бөлшек сауда, машина жөндеу	1497,9	37,5
Транспорт	640,6	24,6
Тамақтану және қоныстану бағытында қызмет көрсету	198,4	18,2
Ақпарат және байланыс	166,5	3,6
Қаржы және сақтандыру	186,3	3,8
Жылжымайтын мүлікпен жұмыс	166,1	7,8
Ғылыми және техникалық қызмет	253,7	11,0
Мемлекеттік қызмет және қорғаныс	508,5	14,0
Білім	1142,3	38,8
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру	561,2	14,9
Ойын-сауық, демалыс	137,9	3,6
Басқа қызмет түрлері	342,5	15,3


Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

Фермерлік шаруашылықтарының 43,1 пайызы өзіндік бөлек жеке шаруа қожалықтары бар азаматтар. Ал, 38,7 пайызы ауылдық елді мекенде орналасқан тұрғындардың үлесін құрайды (15-суретке сәйкес). Бірақ олардың қатарында сауалнамаға қатысу барысында фермерлік шаруашылық өкілі бола тұрса да елді мекенде тұратындығын көрсеткен тұрғындар болуы мүмкін деген тұжырым бар. Әйтсе де, көпшілігі ауылдық елді мекенде тұратын тұрғындар болғандықтан

сауалнаманың ауыл шаруашылығы бағытындағы мәселелерді шынайы пікір білдіретіндігін көрсетеді.

3. Сіз тұрғылықты мекен-жайыңыз немесе шаруашылығыңыз орналасқан аймақ түрі? // Тип региона, в котором вы проживаете или где находится ваше хозяйство?

204 ответа



15-сурет – Шаруашылықтарының орналасқан мекен-жайлары
Ескертпе - Автормен сауалнама нәтижесінде жасалды.


Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі (84,3%) ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қолдаудың әр өңірдің ерекшелігіне байланысты болуы керектігін көрсеткен. Яғни, Қазақстан унитарлы мемлекет болғанымен жер көлемінің үлкендігіне және облыстардың климаттық ерекшеліктерінің әр түрлі болуына байланысты мемлекеттік қолдау құралдары да соған байланысты икемделген болуы керектігін көрсетеді. Аз ғана бөлігі, яғни 13,2%-ы барлығына бірдей заңнама талаптары болуы туралы пікір білдірген.

Атырау облысы тұрғындарының 51%-ы қолданыстағы мемлекеттік қолдау құралдарының тиімсіздігі туралы көрсеткен. Бұл жоғарыдағы зерттеуде атап өткендей несиелеу мен субсидиялаудың аз мөлшерінен де байқауға болады (17-суретке сәйкес).

Жоба аясында зерттеу кезіндегі талдау нәтижесі де көрсеткендей көптеген шаруашылықтарға субсидиялау, несиелеу тетіктерінің қолжетімсіздігі республикадағы фермерлер санының аз бөлігі ғана қол жеткізгеннен байқауға болады. Бұл тек қаржылық қолдау құралдарына ғана жүргізілген талдау нәтижесі, егер өңдеу, өндіріс, дәнді дақылдар, егістік, жайылым, мал ауруы сияқты факторларды қосымша зерделеуде көптеген проблемалық мәселелер шығуы мүмкін.

4. Ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялау, несиелеу және т.б.) өңірлердің ерекшелігіне байланысты...го хозяйства зависели от специфики регионов?

204 ответа




- а) Әр өңірдің, облыстың климаттық жағдайына байланысты болуы кере...
- b) Заңнамаға сәйкес барлық өңірде бірдей болуы тиіс // должны быть од...
- Табиғи тыңайтқыштар ға көбірек көңіл бөлінсе
- Кластерлік болуы. Даму бағытына қ...
- Қаражаты бар адамға емес, малмен...
- Қай өңірге берілсе де оны жергілікті...
- Қазақтың жаны салатын жылқы мен...

16-сурет – Мемлекеттік қолдау шараларының ерекшелігі
Ескертпе - Автормен сауалнама нәтижесінде жасалды.

Сауаланамаға қатысқандардың жартысы жуығы мемлекеттік қолдаудың тиімділігін де жоққа шығармады. Мемлекет тарапынан атқарылып жатырған шаралардың да нәтижесі деп білуге болады.

6. Сіз қолданыстағы мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялау, несиелеу және т.б.) тиімді деп санайсыз ба? // Считаете ли вы дей...ивными (субсидирование, кредитование и т.д.)?

204 ответа




17-сурет – Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі
Ескертпе - Автормен сауалнама нәтижесінде жасалды.

Мемлекеттік қолдау шараларын алушыларға қарсы міндеттемелерді енгізу туралы 68,6%-ы қолдады (18-суретке сәйкес). Субсидия алған фермерлерге жергілікті деңгейде азық-түлік бағасының тұрақтылығына ат салысуға, несиеленген шаруашылықтардың бизнес-жоспарға сәйкес көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша есептіліктерін тапсыруды енгізу керек. Бұндай шетелдік тәжірибенің кеңінен қолданылуын Литва мемлекетіне тағылымдамадан өту кезінде Литва мемлекетінің ауыл шаруашылығы министрлігінен ақпараттандық. Яғни, ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында субсидия алуға ниетті фермерлер арасында конкурс өткізіледі. Әр фермер алдағы 5 жыл мерзімге өзінің шаруашылығының даму жоспарын дайындайды және субсидияға қол жеткізген әр қайсысы сол мерзімге дейін Үкіметтің бақылауында болады. Мысалы, ауыл шаруашылығына салынатын инвестиция көлемін 5 жыл мерзім ішінде жеткізетін деңгейге уақытында шаралар атқармаса, бюджеттен алған субсидия қаржысын қайта қайтарады [26].

8. Мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялау, несиелеу және т.б.) алу кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қарсы мі...ьства против сельхозтоваропроизводителей?

204 ответа



18-сурет – Фермерлерге қарсы міндеттемелер енгізу туралы
Ескертпе - Автормен сауалнама нәтижесінде жасалды.

Сауалнамаға қатысқандардың 43,1%-ы ауылдық елді мекен тұрғындары екенін ескерсек «Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдауға бөлінетін ақшалай қаражаттың көп бөлігі қайтарылмайтын тетігі бар субсидияларға жұмсалатындығы туралы ойыңыз қандай?» деген сұраққа 75,5%-ы келісетіндігін көрсеткен (19-суретке сәйкес). Яғни, мемлекеттік қолдау шараларының тізбегіне несиелеу мен субсидиялаумен қоса инфрақұрылыммен қамтамасыз ету сияқты басқа тетіктерін ойластыру қажеттігі туындайды. Ауыл

шаруашылығы секторын қолдаудың қажеттілігін күшейтіп, осындай қолдаудың ауылдық аймақтардағы экономикалық және әлеуметтік дамуға оң ықпалын растайды. Бұл мәліметтер саясаткерлер мен шешім қабылдаушылар үшін ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту стратегиясын жоспарлауда пайдалы болуы мүмкін.

12. Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдауға бөлінетін ақшалай қаражаттың көп бөлігі қайтарылмайтын тетігі бар субсидиялар...етса на субсидии с невозвратным механизмом?

204 ответа



19-сурет – Бюджеттің қайтарылмайтын субсидияға берілетіндігі
Ескертпе - Автормен сауалнама нәтижесінде жасалды.

Осыған байланысты мемлекеттік қолдаудың бір түрі ретінде өңірлерде индустриялық (агро) аймақ құру туралы жүргізген сауаланамада 79,9%-ы инфрақұрылымы толық жүргізілген шаруагерге жұмыс жасауға ыңғайлы Агро аймақтың керектігі туралы көрсеткен (20-суретке сәйкес). Бұдан алатын қорытынды ауыл шаруашылығын дамытуға тек қана қаржылай бағытта қолдау жүргізумен қатар өнімнің рентабельдігіне әсер ететін шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді.


Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 3 сәуірдегі «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Заңының 1-бабы, 9) тармағына сәйкес индустриялық аймақ – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызмет, оның ішінде өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен, туристік индустрия, көлік логистикасы, қалдықтарды басқару саласындағы қызмет объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілетін, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген аумақ;

Атырау облысының қалматына ұқсас келетін Қызылода облысында индустриялық аймақ іске қосылды. Облыс бойынша 525 гектарға 6 индустриялық аймақ құрылған, онда 120 млрд теңгенің 61 жобасы бар. Қазіргі уақытта ол жерлердің 200 гектардан астамы ғана пайдаланылуда. Индустриялық аймаққа инженерлік инфрақұрылым жүргізуге қазынадан 9,7 млрд теңге бөлінген. Аймақтың жұмысы нәтижесінде инфрақұрылым жүргізуге

бюджеттен жұмсалған қаражаты 1 теңгеге 41,4 теңге жеке инвестиция тартылған. Онда күріш ақтау, бетон зауыты, балық қалдықтарынан жасалған балық ұнын өндіру сияқты жобалар іске қосылған [42].

10. Өңірлерде ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында «Агро аймақ» құру туралы шешім қаншалықты тиімді деп ойлайсыз? // Как вы ду...ью развития сельского хозяйства в регионах?

204 ответа



20-сурет – Агроаймақ құру туралы

Ескертпе - Автормен сауалнама нәтижесінде жасалды.

3.3 Мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіру бойынша ұсынымдар

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған үндеуінде мемлекеттік басқару жүйесінде орталықсыздандыру саясатын ұстануды қатаң тапсырды. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы саласындағы жеңілдетілген несиелеу мен субсидиялауды бір платформаларға біріктіруді тапсырды.

Аграрлық экономиканың әрбір даму деңгейінде қалыптасатын инфрақұрылым модельдерінің ерекшеліктеріне ескеретін болсақ кеңестік кезеңдегі экстенсивті шаруашылық жағдайлары агроөнеркәсіп кешенінде материалдық қызмет көрсету салаларының: көтерме сауда, қойма шаруашылығы, көлік, газ, электр және сумен жабдықтау сияқты салалардың белсенді дамуын қамтамасыз еткенін атап өтуге болады. Аграрлық өндірісті қарқынды жүргізу инфрақұрылымдық қызметтер мен негізгі өндірістердің даму қарқынынан айтарлықтай артта қалуы, бұл аграрлық өндірістегі инвестициялық саясаттың сипатына тікелей байланысты және бұл құрылыс қызметтері, ақпараттық қызмет көрсету және басқа салалардың дамуын қажет етеді.

Зерттеу барысында елімізде ауыл шаруашылығының мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіру, қолжетімділігін арттыру мақсатында келесідей ұсынымдар беріледі:

1. Ауыл шаруашылығына қаржылай және қаржылай емес қолдау жүргізетін бірыңғай орталық (оператор) ашу.

Негіздеме: Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаевтың Үкімет отырысында фермерлерді субсидиялау және несиелеу платформасын біріктіруді тапсыруы. Ауыл шаруашылығын несиелеу, субсидиялау сияқты мемлекеттік қолдауларды ЖАО, «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроФинанс» АҚ, «Атамекен» ҰКП, «Даму қоры» АҚ, әр түрлі несиелік серіктестіктері арқылы қаржыландыруы әр түрлілікті, қолжетімсіздіктің орын алуы.

Шешу жолдары. Несиелеу мен субсидиялауды жүзеге асыратын, қолдау Call орталығы бар бірыңғай Орталық ашу. Литва мемлекетінің тәжірибесін ала отырып жүзеге асыруға болады. магистрлік жобаның 2.2 бөліміндегі 6-суретте көрсетілген модельді жаңа форматта құру. Мысалы, субсидия төлемін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың функцияларынан төлем жүргізуді, оны қадағалауды алып тастау және жеңілдетілген несиелеу жүргізетін қаржы институттарын біріктіру арқылы оңтайландыруға болады.

Күтілетін нәтиже. Фермерлер «бір терезе» қағидатымен мемлекеттік қолдауды алудың қарапайым және түсінікті процедурасын алады, өтініштерді қарау және қаражат бөлу процесі жеңілдетіледі. Субсидия төлеу қызметінен босаған атқарушы органдар ауыл шаруашылығын дамыту саясатын жүргізуге мүмкіндіктері артады. Сондай-ақ, субсидия төлеу бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері азаяды. Себебі бір орталықтан қадағаланады, ал қазіргі уақытта әр өңірдің ЖАО жүзеге асырып келеді, адами факторлар көптеген орын алуда.

Жеңілдетілген несиелеуді жүзеге асыратын қаржы институттарының функциялары бір орталыққа біріктіріліп, қолжетімділігі артады. Әр институттың, несиелік серіктестерінің әр аудандағы, ауылдардағы әрқелкі бағытта жұмыс жасап тұрған филиалдарына кететін шығын азаяды. Қазіргі уақытта Даму қорының республика бойынша 19 филиалы бар, АНК-ның әр облыста филиалдары бар. Сондай, Атамекен кәсіпкерлер палатасының да әр облыста филиалдары бар. Фермерлерге мемлекеттік қолдау бағытында әр түрлі қызмет көрсететін институттар мен орталықтарды біріктіру арқылы мемлекет бюджетінің шығынын да азайтуға мүмкіндік туады.

Экономикалық тиімділігі. Екінші деңгейдегі банктерден берілетін несиелерді Даму қоры арқылы пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауды тоқтату керек, себебі фермерлер төменгі 6 немесе 7 пайыз көлемінде несиелік қол жеткізгенімен банктен есептелген 20-25 пайыз аралығындағы пайыздық мөлшерлемесінің айырмасын мемлекеттік бюджеттен төленеді (мысалы, банктің 22%-ының 6%-ын фермер төлесе, қалған 16%-ы Үкіметтен субсидияланады). Бұл жерде банктер тарапынан тікелей қаржылай қолдау болмағандықтан, мемлекет тарапынан бөлінген субсидия көлемі банктерге кетіп жатады. Бірыңғай орталық немесе оператор құру арқылы қаржылай қолдаудың тікелей фермерге жетуін қамтамасыз етуге және мемлекет шығынын оңтайландыруға болады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 90%-дан астамы электронды форматта және «бір терезе» қағидаты

бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүзеге асырылады. Менің зерттеу жұмысымның қорытындысы бойынша осы тәжірибелерді халыққа қызмет көрсету жұмыстарының тәжірибелерін ескере отырып ауыл шаруашылығы саласында қолдау құралдарын жүзеге асыратын бірыңғай орталық ашуды қолға алу.

Субсидияға өтініш беру кезінде 24 сағат қолжетімді Call орталықтары арқылы фермерлердің жұмыстарын жеңілдетуге болады. онлайн байланыс орната отырып өз уақытын тиімді пайдаланады.

2. Атырау облысында өңірлік маңызы бар индустриялық (агро) аймақ құру.

Негіздеме: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Атырау облысының климаттық ерекшелігіне байланысты жайылымдық жерлерде мұдың жетіспеушілігі және құнарлы топырақ қабатының сарқылуы.

Атырау облысында индустриялық аграрлық аймақты құру өңірдің инфрақұрылымдық жаңғыртылуы мен экономикалық өсуін жеделдетуге бағытталған даму стратегиясының негізгі элементі болып табылады. Бұл жоба аясында ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек өнімділігін 2027 жылға қарай 16 000,0 мың теңгеге дейін ұлғайтуды, ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2024 жылмен салыстырғанда бір жарым есе ұлғайтуды, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенге (АӨК) инвестициялардың 2024 жылғы деңгейге қарағанда 2,2 есе өсуін мақсат қояды.

Шешу жолдары. Атырау облысының орталығы Атырау қаласында, аудандарда индустриялық (агро) аймақ құруға инфрақұрылым жүргізу үшін бюджеттен қаржыландыру. Зерделеу жүргізу арқылы агро аймақтарға қолайлы жер учаскелерін бөлу және олардың кезең-кезеңмен іске қосу. Тау-кен өнеркәсібінен түсімде қоршаған ортаға келтіретін зиянын ескере отырып ауыл шаруашылығын дамытуға республикалық бюджетке алынған қаржының қажетті бөлігін де қарастыруға болады.

Индустриялық аймақтың (агро) қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыруға өтініш берушілердің жобаларын іріктеу өтініш берушінің сенімділігіне және өндірілетін өнімнің коммерциялық ұйымдар ұйымдық-құқықтық нысаны болып табылатын индустриялық аймақтың басым қызмет түріне сәйкестігіне байланысты мынадай негізгі критерийлер негізінде жүзеге асырылады.

Мақсат мен міндеттері:

- өңірде ауыл шаруашылығын дамытуды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету;

- Ауыл шаруашылығын әртараптандыру;
- Жаңа жұмыс орындарын құру;
- Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Өңдеу өнеркәсібін дамыту.

Міндеттері:

- Қажетті инженерлік инфрақұрылымды жүргізу;
- Инвестициялар тарту;

- Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің бірыңғай тізбегін құру (құру, қайта өңдеу, өткізу);

- жергілікті сапалы өнімдермен қамтамасыз ету және баға саясатын қалыптастыру.

- жергілікті бюджетке қосымша салық түсімдерін ұлғайту;

- қажетті инфрақұрылымы бар жер учаскелерін беру және бизнес үшін бюрократиялық рәсімдерді барынша азайту;

- Басқа бейінді кәсіпорындармен кооперация жасау мүмкіндігі;

- Коммуникациялық желілерден бастап көліктік және консалтингтік қызметтерге дейін барлық қажетті инженерлік-көліктік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету бойынша қызметтер кешенін ұсыну;

Индустриялық аймаққа қатысу үшін жобалар кәсіпкерлердің сенімділігін және олардың қызметінің аймақты дамытудың стратегиялық бағыттарына сәйкестігін ескеретін критерийлер негізінде іріктелетін болады.

Мұндай критерийлерге:

- несиелер мен салықтар бойынша берешектің болмауы;

- саладағы жұмыс тәжірибесі;

- импортты алмастыруға немесе экспортқа бағдарлану;

- инновациялық жобаларды іске асыру;

- технологиялар мен өндірістік процестердің экологиялық және қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігі;

- қызметтің басым бағыттары бойынша өз өндірісінің болуы жатады.

Күтілетін нәтиже. Атырау облысында индустриялық аграрлық аймақтың құрылуы тек экономикалық өсуге ғана емес, өңірдің әлеуметтік дамуына да ықпал етеді. Ол озық агротехнологиялар мен ауыл шаруашылығын жүргізудің тұрақты тәжірибелерін енгізу үшін катализатор болатын инновациялық ортаны қалыптастыруды көздейді.

Жоба мыналарға бағытталған:

- Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешеніне озық технологиялар мен инновациялық шешімдерді енгізу өндірістік процестерді автоматтандыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде өнімділікті арттыруға және өндірістік шығындарды төмендетуге әкеледі.

- Ауыл шаруашылығында экологиялық тұрақты әдістер мен тәжірибелерді енгізу аймақтың табиғи ресурстарын сақтауға және экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді.

- Жаңа жұмыс орындарын құру және кәсіби өсу мүмкіндіктері аймақтағы білікті кадрларды тартуға және сақтауға, сондай-ақ жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етеді.

- Фермерлерді, зерттеушілерді, технологиялық компанияларды және мемлекеттік органдарды қоса алғанда, агроөнеркәсіптік сектордың әртүрлі қатысушылары арасындағы ынтымақтастық платформасын қамтамасыз ету инновациялар мен саланың дамуын ынталандыру арқылы білім мен тәжірибе алмасуды жеделдетеді.

- Өндірістік қуаттылықтар мен өнім сапасын жақсарту Атырау облысына ішкі сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, экспорт арқылы экономикалық өсуге ықпал ете отырып, халықаралық нарықтарға шығуға мүмкіндік береді.

Осылайша, индустриялық аграрлық аймақ Атырау облысының Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі экономикалық жағдайын нығайта отырып, оның кешенді дамуына, сондай-ақ тұрақты және инновациялық Ауыл шаруашылығы секторын құру арқылы оның тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

Жоба логистиканы жақсартатын және агроөнеркәсіптік аймақты инвестициялар үшін тартымды ететін көлік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуды көздейді. Инфрақұрылымды жақсарту өңірдің жалпы экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді және оның тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырады.

Ішкі нарықты дамытумен қатар, аграрлық индустриялық аймақ Атырау облысын экспорттық әлеуеттің өсуіне және Халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың нығаюына ықпал ете отырып, жаһандық ауыл шаруашылығы және азық-түлік жеткізу тізбегіне интеграциялау үшін мүмкіндіктер береді.

Аграрлық аймақты құру ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті ынталандырады. Бұл өз кезегінде агроөнеркәсіптік секторға жаңа технологиялар мен әдістерді әзірлеуге және енгізуге, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Индустриялық аймақ шеңберінде экологиялық таза және тұрақты ауылшаруашылық тәжірибелерін енгізу қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға, биоәртүрлілікті сақтауға және табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Индустриялық аймақтың **жем-шөп базасымен** қамтамасыз етуіндегі рөлі аса маңызды. Ауыл шаруашылығына бағдарланған индустриялық аймақтар, агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына тікелей әсер етеді. Мұндай зоналардың жем-шөп базасына қосатын үлесі үлкен болады. Индустриялық аймақтар заманауи технологиялар мен өндірістік әдістерді енгізуге ынталандырады, бұл жем-шөп өнімдерінің сапасын және өнімділігін арттырады.

Индустриялық аймақтар жақсы дамыған логистикалық және тасымалдау желілері арқылы жем-шөп өнімдерінің жеткізілуін жеңілдетеді, бұл ішкі нарыққа қол жетімділікті жақсартады. Индустриялық аймақтарда жем-шөп өндірісі саласындағы кәсіпорындар мемлекеттік қолдау шаралары мен инвестицияларды тартуға жақсы мүмкіндіктерге ие болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Экономиканың аграрлық секторын дамудың инновациялық жолына ауыстырудың ұзақ мерзімді Стратегиясын жүзеге асыру үшін мемлекеттің қазіргі экономикадағы ролін өзгерту қажет. Ауылдық аумақтардың орнықты дамуы үшін жағдай жасау, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізінде ауыл шаруашылығы өндірісі көлемінің өсу қарқынын жеделдету, бұл оның тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіруге, Атырау облысында ауыл шаруашылығын дамытуға арналған магистрлік жоба зерттеуі агроөнеркәсіптік экономиканың теориялық негіздерін зерделеуге, осы саладағы өзекті әлемдік трендтерді талдауға, ауыл шаруашылығының ағымдағы жай-күйін бағалауға және оңтайландыру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.

Талдау көрсеткендей, қазақстандық агроөнеркәсіптік жүйе оның тұрақты дамуына кедергі келтіретін бірқатар кешенді проблемаларға тап болады. Оларға мыналар жатады:

- Агроөнеркәсіп кешенін дамыту саясатында заман талабына сай өзгерістердің болмауы. Мемлекеттік органдар тарапынан қабылданған нормативтік актілердің, ұлттық жобалар мен тұжырымдардың болжанған көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал ете алмауында. Көп жағдайларда мерзімінен бұрын күшін жояды немесе өзгертіліп жатады.

- Мемлекеттік қолдау құралдарының қолжетімсіздігі, өңірлердің ерекшеліктеріне байланысты толық зерделенбеуі АӨК дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл орайда орталық атқарушы орган мен жергілікті атқарушы орган арасында өзара байланыстың қашықтығы да себеп болады. Сондай-ақ, қаржылай немесе қаржылай емес қолдау тетіктерін басқарудың орталықтандырылмауы салдарынан фермерлердің ақпараттануы, қол жеткізуі төмен деңгейде болады. оны зерттеу барысындағы несие мен субсидияға қол жеткізген фермерлердің үлесінен байқауға болады.

- Атырау облысында мал шаруашылығы саласында мал басын көбейту бағытындағы жұмыстар өңдеу, өндірумен салыстырғанда қарқын алуда. Яғни, облысты азық-түлікпен қамтамасыз етуде импорттық тәуелділікке әкеліп соғады. Өңірдегі АӨК-ті дамытуға қабылданған жоқ деп айтуға болмайды, бірақ жетілдіруді қажет етеді.

Анықталған мәселерге сүйене отырып зерттеу бірқатар практикалық шешімдерді ұсынады:

- АӨК дамыту үшін өңірлердің ерекшеліктеріне байланысты, жалпы еліміздегі ауыл шаруашылығын дамытуға ғылыми зерттеулерді қолға алу қажеттілігі туындайды.

- Жобаның 3.3 бөлімінде атап өткендей мемлекет тарапынан қолдау құралдарының қолжетімділігін арттыру мақсатында әртараптандырудан арылып, бір орталықтан басқару арқылы ауылдық жерлердегі фермерлерге дейін жетуін қамтамасыз ету.

- Атырау облысында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей байланысы болатын облыс орталығы мен аудандарда индустриялық агро аймақ құру.

- Ұзақ мерзімге ауыл шаруашылығын, АӨК дамытуға бағытталған ұлттық жобалар мен тұжырымдамаларды жасақтау кезінде өңірлердің ерекшеліктеріне басты назар аудару қажет.

- Экологиялық маңыздылығы аймақтарда өңірлердің дамуына кешенді жоспар әзірлеуде ауыл шаруашылығын қалпына келтіру бағытын да назардан тыс қалдырмау керек. Себебі көптеген мұнай компаниялары өндіріс көлемін арттырып, қазынаға қаржы құйғанымен, сол өңірдегі ауыл шаруашылығы саласының дамуына керіс әсерін тигізіп жатқаны ғылыми дәлелсіз-ақ айқын.

Сипатталған шешімдер іске асырыла отырып, үлкен практикалық пайда әкелуі мүмкін.

Біріншіден, бұл шараларды жүзеге асыру ауыл шаруашылығы өнімінің ҚР ЖІӨ-гі үлесінің артуына жеткізеді. Мұнай мен газ өндірісіне тәуелділікті ауыл шаруашылығындағы ғылыми зерттеу жетістіктерінің нәтижесінде қол жеткізуге болады.

Екіншіден, ауыл шаруашылығын дамытудағы мемлекеттік қолдау құралдарының қолжетімділігін арттырады. Осылайша, фермерлердің мемлекеттік бағдарламаларға, Үкіметке деген сенімдері артады.

Үшіншіден, АӨК дамыту арқылы «жасыл» экономикаға көшу жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандырып қана қоймай, елдің инвестициялық тартымдылығын арттырып, оны әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті етеді.

Төртіншіден, осы шешімдерді іске асыруға бағытталған бюджет қаражатын тиімді жұмсау экономиканың тұрақты дамуын және халықтың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз етеді.

Бесіншіден, АӨК-те тиімді технологияларды енгізуге байланысты инфрақұрылымын жаңғырту оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартады.

Осылайша, ұсынылып отырған шешімдерді іске асыру өзекті мәселелерді шешіп қана қоймай, Қазақстанның орнықты және гүлденген болашағы үшін іргетас қалауға мүмкіндік береді.

Зерттеуді қорытындылай келе, бұл зерттеу шешім қабылдаушылар үшін де, Қазақстан экономикасын әртараптандыруға және ел үшін неғұрлым орнықты болашақ құруға өз үлесін қосқысы келетін зерттеушілер үшін де құнды ресурс болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс]. 2022. – ҚР Президентінің ресми сайты // URL: [http:// www.akorda.kz](http://www.akorda.kz), Жүгінген күні: 01.01.2024.
- 2 К.М.Маденова, Ф.А.Шуленбаева, Г.А.Асанова // Қазақстан Республикасының етті мал шаруашылығындағы өнімділікті арттыруға арналған мемлекеттік субсидиялар: іске асыру құралдары // Проблемы агрорынка – 2023. - №1 // № 1 (2024), URL: jpra-kazniipark.kz.
- 3 ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі ұсынған 2024 жылғы 19 наурыздағы №1-1-7/Т Ф-1589 хатпен алынған ресми деректері.
- 4 Каково потенциальное воздействие перераспределения мер поддержки агропродовольственного сектора в интересах снижения стоимости питательных продуктов? (fao.org) – 2023 жыл. – тарау 1 // Жүгінген күні 01.04.2024ж. год стр 5
- 5 Вспомогательные меры политики в рамках и за рамками агропродовольственных систем, необходимые для обеспечения результативности усилий по переориентации поддержки (fao.org) // Жүгінген күні 01.04.2024ж.
- 6 Основные тенденции развития мер государственной поддержки сельского хозяйства в Казахстане в условиях членства в ЕАЭС и ВТО // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnyie-tendentsii-razvitiya-mer-gosudarstvennoy-podderzhki-selskogo-hozyaystva-v-kazahstane-v-usloviyah-chlenstva-v-eaes-i-vto/viewer> // Жүгінген күні 18.04.2024ж.
- 7 М.Ж. Кобырбеков. Совершенствование государственного управления АПК (на материалах животноводческой отрасли Костанайской области) // КОНЫРБЕКОВ МЕДЕТ ЖАУГАШТИЕВИЧ.pdf (apa.kz)
- 8 ҚР 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы // ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000066_. Жүгінген күні: 12.02.2024ж.
- 9 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы // "Әділет" АҚЖ (zan.kz). – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960>. Жүгінген күні: 12.02.2024ж.
- 10 Дж.М.Кейнс. The General Theory of Employment, Interest, and Money By John Maynard Keynes // 1366_KeynesTheoryofEmployment.pdf (fauzy.eu.org)
- 11 С.Б.Қасымова, К.С.Мустафаева, Б.К.Исаева. «Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешен экономикасының қазіргі жағдайын талдау және мемлекеттік қолдау шаралары» // ҚазТБУ хабаршысы. – Астана, 2023. - №4 (21) <https://doi.org/10.58805/kazutb.v.4.21-165>.
- 12 Мальцева Вера Андреевна. «Эволюция государственной поддержки сельского хозяйства: зарубежный опыт, рекомендации для России» // ФГБОУ ВПО «Уральский государственный экономический университет». – Санкт-Петербург, 2014г. URL: https://disser.spbu.ru/disser2/129/aftoreferat/Maltseva_avtoreferat.pdf

- 13 Михаил Прокофьев, Алексей Сибиряев. «Мировой опыт государственной финансовой поддержки сельского хозяйства» // Вестник НГИЭИ. – Москва РФ., 2019г. // <https://cyberleninka.ru/article/n/mirovoy-opyt-gosudarstvennoy-finansovoy-podderzhki-selskogo-hozyaystva/viewer>
- 14 М.А.Баяндин, О.Ю.Патласов, А.Б.Бекмурзаева. «Аграрлық сектордағы кәсіпкерлік қызмет: халықаралық тәжірибе» // Аграрлық нарық проблемалары. – Қостанай, 2021 жыл, №3. // <https://www.jprra-kazniiapk.kz/jour/article/view/581/456>
- 15 А.А.Горбачева, «Теория предпринимательства Йозефа Шумпетера и её применимость в Российской практике» // Российский экономический вестник. – Москва, 2020ж., Том 3, №2. // <https://dgnu-journals.ru/wp-content/uploads/2020/04/gorbachjova.pdf>.
- 16 ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми сайты // <https://stat.gov.kz/ru/>.
- 17 ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми сайты // <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa?lang=ru>.
- 18 Мемлекет басшысының 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/addresses>. // Жүгінген күн: 01.05.2024ж.
- 19 Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000066>. Жүгінген күні: 14.04.2024 ж.
- 20 Беркли Хилл, "Жалпы ауылшаруашылық саясатын түсіну" кітабы // <https://www.routledge.com/Understanding-the-Common-Agricultural-Policy/Hill/p/book/9781844077786> // Жүгінген күн 01.05.2024ж.
- 21 Европейский Союз. «Мониторинг и оценка сельскохозяйственной политики» // Решение проблем, стоящих перед продовольственными системами // 2021ж. Библиотека ОЭСР iLibrary (oecd-ilibrary.org).
- 22 Рюмкина И.Н. «Зарубежный опыт исследования государственных мер поддержки сельских территорий Австралии» // Научный журнал Вестник РГАЗУ № 38 (43) // [https://rgunh.ru/upload/iblock/ae2/38\(43\).pdf#page=143](https://rgunh.ru/upload/iblock/ae2/38(43).pdf#page=143).
- 23 М.Н.Прокофьев, А.С.Сибиряев. «Мировой опыт государственной финансовой поддержки сельского хозяйства» // Вестник НГИЭИ. 2019. № 2 (93) // <https://cyberleninka.ru/article/n/mirovoy-opyt-gosudarstvennoy-finansovoy-podderzhki-selskogo-hozyaystva>.
- 24 С.А.Алексеева. «Отечественный и зарубежный опыт финансовой поддержки сельского хозяйства» // Экономическая политика // <https://cyberleninka.ru/article/n/otechestvennyy-i-zarubezhnyy-opyt-finansovoy-podderzhki-selskogo-hozyaystva/viewer>.
- 25 Израиль | Мониторинг и оценка сельскохозяйственной политики 2022 : Реформирование сельскохозяйственной политики для смягчения последствий изменения климата | Библиотека ОЭСР iLibrary (oecd-ilibrary.org).
- 26 Литва Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Ұлттық төлем орталығының ресми сайты //

https://lithuania.representation.ec.europa.eu/strategija-ir-prioritetai/pagrindines-es-politikos-kryptys-lietuvai/zemes-ukis_lt#es-bendra-žemes-ūkio-politika. Жүгінген күні 18.01.2024ж.

27 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты // <https://stat.gov.kz/ru/> Жүгінген күні 15.05.2024ж.

28 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. // <https://primeminister.kz/news/16388> // Жүгінген күні: 19.04.2024ж.

29 UNtrade&development. // Дорожная карта по торговле по принципу «единого окна»: ЮНКТАД помогает странам сократить бюрократические препоны, расходы и выбросы | ЮНКТАД (unctad.org). Жүгінген күні 20.05.2024ж.

30 Energy Monitor. Адаптация к изменению климата: уроки израильской пустыни Негев (energymonitor.ai) // 2022ж. – жүгінген күні 21.05.2024ж.

31. Dutch Greenhouse Delta. Dutch Greenhouse Delta и муниципалитет Вестланда объединяют усилия, чтобы вывести сектор садоводства на международную карту - Dutch Greenhouse Delta // 2022ж. – жүгінген күн 13.05.2024ж.

32. FAO. Новые проекты ФАО по содействию агропромышленному развитию Эфиопии | ФАО в Эфиопии | Продовольственная и сельскохозяйственная организация Объединенных Наций (fao.org) // 2020ж. – жүгінген күні 13.05.2024ж.

33 Аграрлық несие корпорациясы ресми сайты // <https://agrocredit.kz/ru/main/about/korporativnye-sobytiya/> Жүгінген күн: 03.05.2024ж.

34 «Даму қоры» АҚ ресми сайты // <https://damu.kz/o-fonde/> Жүгінген күні 03.05.2024ж.

35 «2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын оның шығыстарының негізгі бағыттары бойынша бағалау жөніндегі қорытынды [Электрондық ресурс]. 2021. – URL: https://www.gov.kz/uploads/2021/9/17/24150da37d7b246f2dc54a5d65a0605b_original.4235057.pdf

36 «2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан республикасы заңының жобасын оның шығыстарының негізгі бағыттары бойынша бағалау жөніндегі қорытынды (www.gov.kz)

37 ҚР АШМ 2024 жылғы 19 наурыздағы №1-1-7/ТФ-1589 санды жауап хаты

38 ҚР Қаржы министрлігінің ресми сайты // <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin?lang=kk&ysclid=lwhp4bkzci503171418> // Жүгінген күні 14.02.2024ж.

39 HALUQ UNI. Соңғы зерттеу 40 жыл бұрын жасалған: Атырауда шаруаларға жер жетіспей жатыр - Haluq-uni.kz. – 2023ж. Жүгінген күні 19.05.2024ж.

40 ҚР Үкіметінің «Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» 2021 жылғы 21 мамырдағы қаулысы // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000337>. Жүгінген күні: 13.05.2024ж.

41. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды жетілдіруге бағытталған сауалнама // URL: https://docs.google.com/forms/d/1-j1a9yHsVQqBqA3h0WT4YfH3xRwaQtpnK9_BKLix82o/edit#responses
42. Индустриялық аймақтар. Қызылорда әкімдігінің ресми сайты // URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda/press/article/details/3014?lang=kk&ysclid=lwo0ohe42713174837>. Жүгінген күні: 15.05.2024ж.

1-қосымша


АӨК өнімінің экспорты

АӨК өнімдерінің экспорты мен импорты							
Жылдар	Көрсеткіштің атауы		АӨК өнімдері бойынша барлығы	Өсімдік шаруашылығы	Мал шаруашылығы	Өңделген а/ш өнімдері	АӨК өнімдері экспортының жалпы көлеміндегі өңделген өнімінің үлесі, %
2018	экспорт	тонна	13 634 244,2	10 003 657,5	95 068,8	3 535 517,9	36,7
		мың \$ АҚШ	3 091 627,2	1 850 005,4	108 114,8	1 133 507,0	
	импорт	тонна	7 778 945,6	1 401 774,7	68 473,7	6 308 697,2	
		мың \$ АҚШ	3 510 236,0	896 479,7	189 221,5	2 424 534,8	
2019	экспорт	тонна	12 266 445,2	9 358 408,1	115 483,5	2 792 553,6	33,9
		мың \$ АҚШ	3 289 639,5	1 994 459,3	180 213,0	1 114 967,2	
	импорт	тонна	8 356 638,6	1 709 015,1	98 042,2	6 549 581,2	
		мың \$ АҚШ	3 798 950,2	901 495,8	295 093,4	2 602 361,0	
2020	экспорт	тонна	11 463 604,4	8 322 216,4	55 018,2	3 086 369,8	39,9
		мың \$ АҚШ	3 380 591,8	1 950 023,8	81 843,0	1 348 724,9	
	импорт	тонна	8 030 292,8	2 198 916,2	94 397,3	5 736 979,4	
		мың \$ АҚШ	3 927 612,1	902 772,6	272 668,9	2 752 170,6	
2021	экспорт	тонна	10 821 944,3	8 098 601,7	101 906,7	2 621 436,0	37,4
		мың \$ АҚШ	3 819 202,0	2 236 820,7	153 968,3	1 428 413,0	
	импорт	тонна	9 412 361,5	3 025 265,5	99 180,8	6 287 915,3	
		мың \$ АҚШ	4 748 820,9	1 158 293,2	304 115,8	3 286 411,9	
2022	экспорт	тонна	13 140 688,2	9 222 722,1	72 274,3	3 845 691,8	41,9
		мың \$ АҚШ	5 584 006,0	3 068 177,5	174 580,0	2 341 248,6	
	импорт	тонна	9 909 320,8	3 625 882,9	82 388,1	6 201 049,8	
		мың \$ АҚШ	5 848 429,3	1 493 514,5	281 535,8	4 073 378,9	

Ескертпе - Автормен жасақталды [27].

2-қосымша

ЖІӨ, субсидиялаудағы өнімдердің үлесі (2018-2022)



Ескертпе - Автормен жасақталды [27,31,32,33].

3-қосымша

Өңірлер бойынша субсидия алу, мың тг

Өңірлер	2022 жыл				
	Барлығы	Өсімдік шаруашыл.	Мал шаруашылығы	Өңдеу	Қаржы құралдары
Абай	0	0	0	0	0
Ақмола	54 694 984	15 211 588	7 225 636	997 810	31 259 950
Ақтөбе	23 444 469	1 386 796	15 248 930	662 217	6 146 526
Алматы	54 960 820	8 390 006	25 577 745	1 451 635	19 541 434
Атырау	4 180 833	361 521	2 833 702	0	985 610
ШҚО	41 982 997	6 567 399	9 741 931	571 875	25 101 792
Жамбыл	30 150 622	4 633 722	13 085 305	1 156 890	11 274 705
Жетысу	0	0	0	0	0
БҚО	16 424 470	751 418	7 840 101	43 776	7 789 175
Қарағанды	26 882 615	5 657 837	7 991 666	291 073	12 942 039
Қостанай	42 485 399	13 971 333	7 200 000	1 000 000	20 314 066
Қызылорда	11 571 018	3 776 765	3 910 087	0	3 884 166
Маңғыстау	2 297 886	39 531	1 242 998	0	1 015 357
Павлодар	31 891 078	4 582 750	8 517 291	392 153	18 398 884
СҚО	68 809 387	29 088 671	9 807 155	2 009 394	27 904 167
Түркістан	30 318 864	6 839 620	9 398 839	1 300 000	12 780 405
Улытау	0	0	0	0	0
Алматы қ.	696 878	0	0	0	696 878
Астана қ.	31 049	0	0	0	31 049
Шымкент қ.	2 525 046	120 621	1 073 185	973 358	357 882
Барлығы	449 766 019	107 797 182	130 694 571	10 850 181	200 424 085

Ескертпе - Автормен жасақталды [27,35,36,37].

4-қосымша

Атырау облысы бойынша төленген субсидия көлемі

	2018 жыл			2019 жыл			2020 жыл			2021 жыл			2022 жыл		
	Барлығы	ЖБ	РБ	Барлығы	ЖБ	РБ	Барлығы	ЖБ	РБ	Барлығы	ЖБ	РБ	Барлығы	ЖБ	РБ
Мал шаруашылығы	856,2	856	0	869,3	869	0	1 591,0	1 591,0	0,0	1 419,1	1 419,1	0,0	2 833,7	2 773,7	60,0
Өсімдік шаруашылығы	135,0	135	0	142,3	142	0	219,0	219,0	0,0	307,3	307,3	0,0	361,5	361,5	0,0
Қаржы құралдары және өңдеу	708,4	0	708	2 011,2	0	2 011	1 932,9	0,0	1 932,9	690,3	0,0	690,3	985,5	10,2	975,3
Барлығы	1 699,6	991	708	3 022,8	1 012	2 011	3 742,9	1 810,0	1 932,9	2 416,7	1 751,4	690,3	4 180,7	3 145,4	1 035,3

Ескертпе: Автормен жасақталды [27,35,36,37].

5-қосымша
Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдауды жетілдіруге бағытталған
сауалнама

Сәлеметсіз бе!

Біздің сауалнамаға қызығушылық танытқаныңыз үшін рахмет.

Бұл сауалнама агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау құралдарын және өңірлер бойынша қолдау жүйесін жетілдіру жөніндегі зерттеудің бір бөлігі болып табылады.

Сауалнама нәтижелері мемлекеттік қолдау құралдарын жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеуде қолданыстағы қолдау түрлерінің тиімділігін бағалауға көмектеседі.

Барлық ақпарат құпия түрде (жасырын түрде) қаралады және тек ғылыми мақсаттарда пайдаланылады.

Осы тақырыпқа қатысты барлық сұрақтар бойынша Утегенов Нұрбергенмен байланысуға болады, WhatsApp: 8 778 114 12 88, e-mail: n.utegenov88@mail.ru.

1. Сіз Ауыл шаруашылығы саласының қай бағытындағы қызметкерге жатасыз?

- a) мал шаруашылығы (ет және сүт өндірісі);
- в) өсімдік шаруашылығы (дәнді дақылдар, майлы дақылдар, көкөністер мен картоп);
- с) құс шаруашылығы (жұмыртқа және тауық еті өндірісі);
- d) а/ш өнімдерін қайта өңдеу;
- е) аралас немесе басқа;
- f) ауыл шаруашылығы қызметкері (мемлекеттік қызметкер, саладағы мамандар, ветеринар, ардагер және т.б.)

2. Қандай жас мөлшеріне жатасыз?

- a) 18-25;
- в) 26-35;
- с) 36-45;
- d) 46-55;
- е) 56-63;
- f) 64 және одан жоғары.

3. Сіз тұрғылықты мекен-жайыңыз немесе шаруашылығыңыз орналасқан аймақ түрі?

- a) қалалық мекен;
- в) ауылдық елді мекен;
- с) фермерлік/шаруа қожалықтары;
- d) басқа;

4. Ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялау, несиелеу және т.б.) өңірлердің ерекшелігіне байланысты болуы туралы ойыңыз?

- а) Әр өңірдің, облыстың климаттық жағдайына байланысты болуы керек;
- в) Заңнамаға сәйкес барлық өңірде бірдей болуы тиіс;
- с) өз ойыңыз: _____);

5. Сіз АӨК саласындағы мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялау, несиелеу және т.б.) алушы болып табыласыз ба?

- а) иә;
- в) жоқ (себептерін жазыңыз _____).

6. Егер сіз мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялау, несиелеу және т.б.) алушы болсаңыз, қолданыстағы мемлекеттік қолдау шараларын тиімді деп санайсыз ба?

- а) иә;
- в) жоқ (себептерін жазыңыз _____).

7. Мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялау, несиелеу және т.б.) алу кезінде қандай проблемалар туындайды және жетілдіру үшін қандай шаралар қабылдау қажет деп ойлайсыз?

Ашық жауап: _____

8. Мемлекеттік қолдау шараларын (субсидиялау, несиелеу және т.б.) алу кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қарсы міндеттемелерді енгізу қажет деп ойлайсыз ба?

- а) иә (жауапты толықтырыңыз _____);
- в) жоқ (жауапты толықтырыңыз _____);

9. Атырау облысында ауыл шаруашылығын дамыту үшін мемлекеттік шараларды жетілдіруге ұсынысыңыз қандай?

Ашық жауап: _____

10. Өңірлерде ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында «Агро аймақ» құру туралы шешім қаншалықты тиімді деп ойлайсыз?

- а) Инфрақұрылымы толық жеткізілген Агро аймақ құрылуы керек;
- в) Бюджеттен қосымша шығынды қажет ететіндіктен қажет емес деп санаймын;
- с) Өз ойыңыз _____ .

11. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін мемлекеттік шараларды жетілдіру өнімнің рентабельділігіне қаншалықты әсер етеді деп ойлайсыз?

- а) Жоғары деңгейде әсер етеді;
- в) Әр салаға байланысты;

c) Әсер етпейді.

d) Өз ойыңыз _____ .

12. Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдауға бөлінетін ақшалай қаражаттың көп бөлігі қайтарылмайтын тетігі бар субсидияларға жұмсалатындығы туралы ойыңыз қандай?

a) Келісемін, баламалы қолдау түріне жұмсау керек;

b) Келіспеймін, өнім өндіруде үлкен рөлі бар;

c) Өз ойыңыз _____ .

13. Ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдауды жетілдіру жөніндегі ұсынысыңыз (оның ішінде өз өңіріңіз бойынша)?

Ашық жауап: _____